

Ushqyr oıla! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!



Farabi

№3

НАУРЫЗ

2025

shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ,
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



Қарқаралы ұлттық саябағы аумағы,
Қарағанды облысы

Сурет <https://qazaqgeography.kz> сайты
келісімімен жарияланды.





Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰРПАҚ ӨСІРУ ҮШІН БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ӘРДАЙЫМ ҚАТАР ЖҮРУІ КЕРЕК

«Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды.

Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Енді жаңарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс.

Себебі тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады. Жобаның түпкі мақсаты – отанышыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер».

(Мемлекет басшысының IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі.)

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№3 (67) наурыз 2025

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.



Бұқар жырау Қалқаман батыр ұлы (1668-1781жж.) – Қазақ хандығының ірі мемлекет қайраткері, қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы Қазақ-жоңғар соғысының бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы.

Әлемді түгел көрсе де

ӨЛЕМДІ ТҮГЕЛ КӨРСЕ ДЕ

Өлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де
Қызыққа тоймас адамзат.
Өлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де,
Өмірге тоймас адамзат.
Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңілі қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да -
Үмітін қоймас адамзат.

ЖАС ТУРАЛЫ

Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай,
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай.
Қырық деген жасыңыз

Ерттеп қойған құр аттай.
Елу деген жасыңыз
О да бір көшкен ел екен,
Алпыс деген жасыңыз
Қайғылы - мұңлы күн екен,
Сексен деген жасыңыз
Қараңғы тұман түн екен,
Тоқсан деген жасында
Ажалдан басқа жоқ екен.

БИІК ТАУҒА ЖАРАСАР

Биік тауға жарасар
Ығынан тиген панасы.
Терең сайға жарасар
Тобылғылы саласы.
Ер жігітке жарасар
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар
Халқына тиген пайдасы.
Ақсақалға жарасар
Тілеуқорлық айласы.
Бәйбішеге жарасар
Еміздіктеген сабасы.
Келіншекке жарасар

Емшектегі баласы.
Қыз он беске келгенде
Шашынан көп жаласы.
Бұл жалғанда бір жаман -
Ағайынның аласы.

АСҚАР ТАУДЫҢ ӨЛГЕНІ

Асқар таудың өлгені-
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені-
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені-
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені-
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені-
Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.

Дереккөзі: Bilim-all.kz;
Сурет: Malim.kz



Нұрын шашып әлемнің жарығымен!

(Ана туралы нақыл сөздер, мақалдар)

«Ана жүрегі тым терең, сол тереңдіктен сіз кешірім таба аласыз».

Оноре де Бальзак

«Адам боп туу - анадан, Айуан боп кету - өзіңнен!»

Қадыр Мырза Әли

«Адам дүние есігін анадан туған кезде ғана бір-ақ рет ашпайды. Өмір адамды қайта-қайта жаңадан тууға мәжбүрлейді».

Габриэль Гарсиа Маркес

«Әркімнің туған тілі – туған шеше, Оған бала міндетті сан мың есе».

Сәбит Мұқанов

*Ананың сүті - бал, баланың тілі – бал.

*Анаң ауыр сөз айтпа!
Атыңа ауыр жүк артпа!

*Ана алдында құрмет,
Ата алдында қызмет.

*Анадан өнеге көрмеген қыз жаман,
Атадан тағылым алмаған ұл жаман.

*Ана даңқымен қыз өтер,
Мата даңқымен бөз өтер.

*Ақ шашты ана: "жастығым - балам" дейді.
Ақылды бала: "ай-күнім - анам" дейді.

*Ана алақанының аясы -
Ақ шынардың саясы.

*Балапанды торғайлар
Өрт болмасын тілейді.
Балаларға аналар
Дерт қонбасын тілейді.

*Ана - барлық көркемділіктің үлгісі.

*Анада үш бақыт бар: ожданы, бөбегі, ізгі еңбегі.

*Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды.

НАУАН НАУРЫЗ, АРМЫСЫҢ!

Сағынғали Сейітов

Наурыз келді, көктем келді ағайын,
Жадырайды, жаңғырады маңайым.
Назды, сазды науан Наурыз, армысың?
Сұлу мүсін саған біткен бар мүсін.

Қайнарындай қалың қуат, қайраттың,
Сен келдің де ғаламшарды жайнаттың.
Тіршілікке тіл бітіріп өзгеше,
Дүниенің бұлбұлдарын сайраттың.



НАУРЫЗ КЕЛДІ АУЫЛҒА НАРҒА МІНІП

Тұманбай Молдағалиев

Наурыз келді ауылға нарға мініп,
Қаңқылдап жүр аспанда қарға күліп.
Жадырайды дүние жарқылдайды,
Жақын келіп қалғандай алдағы үміт.

Қуанды балалар таң атқанға,
Алғыс жолдап ағалар жаратқанға.
Наурыз көже қолымен келіндердің,
Құйылып жатыр ақ күміс табақтарға.

Қонақ күтіп әжелер құрақ ұшты,
Тізбектеліп тырналар жырақ ұшты.
Малдық бәрі бұл қыстан аман алып шықты,
Сол үшін де қария қуанышты.

Жыл құстары жарысып жаңа келді,
Келуімен қуантып тамам елді.
Маужырайды сұлу күн мейірленіп,
Аялайды нұрымен бар әлемді.

Жылытады енді дүниені от ерінбей,
Қайғы барын өтсе екен бота білмей.
Алатаудың шығып ап иығына,
Ұзақ тұрды наурыз күн көтерілмей.

АТАМНЫҢ НАУРЫЗ БАТАСЫ

Ернұр Сейдахмет

Біс-міл-лә, рах-ман-и-ра-хим!

Елден ырыс кетпесін!
Ешкім уайым шекпесін.
Араздасқан ағайын,
Ұмытсын реніш, өкпесін.
Жақсы жолда қалмасын.
Жаман бүлік салмасын.
«Бөрі етектен тартпасын,
Жау жағадан алмасын».
Түгенделсін жоғымыз.

Тойға ұlassын тойымыз.
Оңғарылып ісіміз,
Орындалсын ойымыз.
Көңіліміз шат болсын!
Пейіліміз ақ болсын!
Құтты болып Өз Наурыз,
Әрбір үйге бақ қонсын!
Әумин!

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Еділбек Дүйсенов

Білсең шіркін сезіне,
Наурыздағы күн қандай!
Табиғаттың өзі де,
Той өткізіп тұрғандай...
Суық ызғар білінбей,
Жан шуаққа кенелер.
Таразының тіліндей,
Күн менен түн теңелер.

Білек түре құлшынып,
Жанарда ойнап бір ұшқын.
Мерекелер жұртшылық,
Ұлы күнін ұлыстың.
Көз суарып,тоқташы...
Жерді жапқан гүл-алау.
Самарқанның көк тасы,
Жібіп жатқан шығар-ау!

Ақ тілекпен,ақ таңда,
Қадір тұтар бұл айды.
Тас та жібіп жатқанда,
Жүрек қалай шыдайды!?
Талай жандар туыстай,
Төс қағысып көріскен.
Көңіл қалса,суыспай,
Қуанышын бөліскен.

Бауырмалдық ұғындым,
Көрер бірін досындай.
Болса деймін жылымның,
Барша күні осындай!

Дереккөзі: «Bilim-all.kz»
Суреттер ғаламтордан алынды



МҰНАЙ ӨНДЕУШІ ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ



Сахара даламыздың тұңғыш ағартушы – педагогы Ыбырай Алтынсарин «Тілегеннің алдынан іздемей-ақ табылар», - деп балаларға қалдырған өсиеті үлкендерге де ой салары хақ. Кең байтақ еліміздің экономикалық әлеуетін дамытып, бүгінгі дамыған мемлекеттер қатарына қосылуына бар ғұмырын арнаған кешегі өткен жандар кімдер деген сұраққа жауап іздеп, ірі өндіріс орындарының жаңалықтарымен таныса бастадым. Солардың қатарында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Баспасөз орталығында жарияланған «Мұнай өңдеуші тұңғыш қазақ қызы» атты тақырыппен Зауре Құмарова туралы деректерді оқып шықтым. Мақала Атырау мұнай өңдеу зауытының 80 жылдығына орай басылыпты. Қазақстанның мұнай саласының ұлттық операторы сайтының гиперсілтемесін сақтай отырып, «Farabi shakirti» журналы беттері мен <https://www.faravishakirti.kz> сайтында оқырмандарымызға Зауре ананың өмір жолы өнеге болсын деп жарияланғанды жөн көрдік.

Атырау мұнай өңдеу зауытының 80 жылдығы аясында кәсіпорын тарихын терең зерттеу жұмысы қарқынды жүріп жатыр. 70 мыңнан астам құжатты қамтитын өндірістік архивте 20 мыңға жуық адамның жеке іс қағазы сақталған. Қазір баспасөз қызметінің мамандары мен архивистер 1944-1978 жылдарға тиесілі 9734 мұрағаттық материалдың 3736-сын қарап үлгерді. Сарғайған қағаздарды парактай келе, ерекше көзге түскен есімдердің бірі - Зауре Құмарова болды. Жан-жақты зерделеу жұмыстары оның өндірістегі тұңғыш қазақ қызы екенін дәлелдеп отыр. Қиындыққа мойымаған қайсар жанның қажырлы еңбегі мен өнегелі өмір жолы бұған дейін жарыққа шықпай тасада қалып келген. Бұл тың тарихи деректерді алғашқылардың бірі болып зауыттың корпоративтік газетінің редакторы Арайлым Қабдешова архивист мамандармен бірге анықтаған. Архивтік зерттеу жұмыстары зауыттың бас директоры Ғалымжан Жусанбаевтың тапсырмасымен жүзеге асып отыр. Жалпы, кәсіпорынның 80 жылдығы-тек жетістіктерді ғана емес, өндіріс тарихындағы елеулі тұлғаларды еске алып, олардың

еңбегін ұлықтайтын маңызды белес.

Сонымен, мұнай өңдеуге атсалысқан тұңғыш қазақ қызы туралы архивтік деректерді сөйлетейік... Зауре Құмарова 1928 жылы Гурьевке қарасты (қазіргі Атырау) Бақсай ауданы, Таңдай ауылында дүниеге келген. Ол өмірдің ауыр сынақтарына бала кезден тап болған. Әке-анасынан ерте айырылған Зауре 1943 жылға дейін жетімдер үйінде тәрбиеленді. Сол жылы Бақсай ауданындағы Жамбыл мектебінің 5-сыныбын аяқтап, Гурьев қаласындағы №9 қолөнер училищесіне оқуға түседі. 1945 жылы аталған білім ордасын тәмамдап, 29 қарашада №441 мұнай өңдеу зауытына жұмысқа қабылданады. Бұл кезде оның жасы 17-де еді...

Зауытта еңбек жолын электр-дәнекерлеуші болып бастап, небәрі бір айдан соң №1 цехқа оператордың көмекшісі ретінде ауыстырылады. Қысқа мерзімде өндіріс үдерісін жетік меңгерген Зауре Құмарова 1947 жылы оператор қызметіне тағайындалды. Еңбексүйгіштігімен, кәсібіне



Отбасылық суреті

адалдығымен көзге түскен ол тек өндірісте ғана емес, қоғамдық өмірде де белсенді болды. Зауре Құмарова зауыттың ұсынысымен 1959 жылы 5 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады. Жоғары Кеңесте де ол жалғыз қазақ қызы болған. Бұл – сол кезең үшін ерекше жетістік еді. Мұнай өңдеу зауытында жұмыс істей жүріп, қоғамдық қызметке де белсенді араласқан ол өз заманының көшбасшы әйелдерінің біріне айналды.

Зауре Құмарованың архивтік жеке іс қағаздарының арасынан өз қолымен жазған өмірбаяны табылды. Онда оның отбасы, жұмыс барысындағы қиындықтары мен жетістіктері егжей-тегжейлі баяндалған.

«1943 жылы Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағының мүшесі атандым. 1948 жылы тұрмысқа шықтым. Жолдасым – Бердихан Кузембаев, 1926 жылы туған. Ол – Ұлы Отан соғысының 2-топ мүгедегі. Ұлым Асқар 1949 жылы, қызым Ботакөз 1951 жылы дүниеге келді. Өзім 1946



ұлы Амантаймен

жылы 30 минут жұмыста болмағаным үшін істі болдым. Мемлекет пайдасына 3 айға жалақымнан ақы ұстап қалу туралы шешім шығарылды. 1951 жылы 14 маусымда жоғары кеңестің жарлығымен соттылығым алынып тасталды. Жолдасым №8 цехта машинист болып қызмет атқарады. Мекен-жайым Тұрғын үй қалашығы Севастополь көшесі 8 үй 5 пәтер.» деп жазған ол (автордың орфографиясы сақталған).

Атырау облысы бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу басқармасының дерегіне сүйенсек, Зәуре Құмарова төрт баланың анасы атанған. Зауыттың баспасөз қызметіндегі мамандар өмірбаянда жазылған мекен-жайға барып, Зәуре Құмарованың кенже қызы Гуля Бердіханқызын тауып, сұхбаттасты.

«Анам өндіріске бала кезімізден араласып кеттік деп айтып отырушы еді. Көп техникаға бойымыз жетпейтін. Аяғымыздың астына орындық қойып, 16 сағат бойы тоқтаусыз жұмыс істедік. Бізді ешкім аямайтын. №1 цехта жұмыс істеген кезімізде аптап ыстықтан дем алу мүмкін болмайтын. Соған қарамастан, елге қызмет ету біздің міндетіміз деп санадық дейтін. Бос уақытында қолғап тоқып, керек заттарды тігіп фронтқа жіберетін едік деп айтатын.




қызы Гуля Бердіханқызы

Көрген фильмдер мен оқыған кітаптарын әңгімелегенді жақсы көретін. Балаларының есімдерін Асқар, Ботагөз, Амантай деп оқыған кітаптарының кейіпкерлеріне сай қойған. Менің есімім неге Гуля деп ренжігенімде, сенің есіміңді кино актрисасы, майданда ұшқыш болған Гуля Королеваның құрметіне қойдық дейтін. Анам елдің адамы болды. Халықтың тұрмыстық жағдайы көп алаңдататын. Екі ағайынды еді. Інісі де балалар үйінде тәрбиеленіп, кейін ауырып көз жұмған. Анамның жүрегінде інімді қорғап қала алмадым деген үлкен өкініш болды. Сол жағдайды есіне алып көп жылайтын», – деп өткен шақты Гуля апай тебірене еске алды.

Гуля Бердіханқызының айтуынша, оның үлкен ағасы Асқар Башқұртстандағы қазақ диаспорасын басқарған. Ол да анасы сияқты қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, қазақтарды бір шаңырақ астына жинаған.

Бір қызығы, Зәуре Құмарованың немересі Қаламқас Аубекерова да бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауытының орталық зертханасында химиялық талдау лаборанты болып қызмет етеді.

«Мен әжемнің жолын жалғап келемін деп есептеймін. Ол кісінің еңбексүйгіштігі, өз ісіне адалдығы біз үшін үлгі. Әжем туралы әлі күнге дейін зауытта жылы естеліктер айтылады. Ол көптеген жұмысшыларға баспана алып беру, қызметке орналастыру, білім алуына ықпал ету сынды әлеуметтік мәселелерді



немересі Қаламқас Аубекерова

шешуге көп көмектесті», – дейді Қаламқас.

Өз заманының озық ойлы, қайсар мінезді қызы болған Зәуре Құмарова 1974 жылы денсаулығына байланысты ауыр жұмыстарды атқаруға тыйым салынған соң, 1975 жылы 30 жылдық еңбек өтілімен II топ мүгедегі ретінде жұмыстан босатылды. 2008 жылы 80 жасында өмірден өтті.

Оның есімі қызмет еткен жылдарда бірнеше рет зауыттың Құрмет тақтасына еніп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, бірнеше рет Құрмет грамоталарымен марапатталған.

<https://www.kmg.kz/press-center/>,
Суреттер: kmg.kz сайтынан алынды.



Архивтік құжат

АДАМ АСПАНДА ҚОРҚЫНЫШЫН ЖЕНЕДІ

Ефрейтор Балжан Мұсатаева — 44013 әскери бөлімінің взвод командирі. 10 жыл ішінде әр түрлі парашют жүйесімен шамамен 120 рет биіктен төменге құлдылаған. Тәжірибелі маманмен сұхбаттасудың сәті түскен еді.



— Сізді Қазақстанның Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қатарына қосылуға не шабыттандырды?

— Бұл қызмет мені бала кезімнен қызықтырды. Менің тәтем әскери зейнеткер. Оның өмірлік тәжірибесі мені Қарулы Күштер қатарынан табылуға қанаттандырды. Әскердің ішкі тәртібі, әскери киім қызықтырды. Мектеп қабырғасында мен волейболдан ұлттық құрамада ойнадым, таэквондомен айналыстым, яғни, үнемі спортпен шұғылдандым. Мұның бәрі мені әскери салаға алып келді. Әскери қызметті 2013 жылы Қонаев қаласындағы 35-ші десанттық-шабуылдау бригадасында бастадым. Ант қабылдағаннан кейін барлық десантшылар алғашқы десанттық дайындықтан өтіп, алғашқы секірулерін жасайды. Бірінші секіруден кейін маған қатты әсер еткені сонша, мен бүкіл өмірімді парашютпен секірумен байланыстыруды шештім. Кәсіби түрде парашютпен айналыса бастағанда жақындарым мен

сүйене отырып, әрбір жаңа секіру бұрын жіберілген қателіктерді анықтауға және оларды жоюға көмектеседі деп айта аламын. Осылайша сіз өзіңіздің дағдыларыңыз бен қабілеттеріңізді жетілдіре аласыз.

— Қай әскери қызметші парашютпен секіруге міндетті?

— Парашютпен секіру амфибиялық әскерлерде қызмет ететіндердің бәріне міндетті. Десе де, жыныс, жас ерекшелігі бойынша нормалар бар. Мысалы, ер адамдарда жылына 6 рет, ал әйелдер 2 рет секіреді. Бұл ретте, бізде «Қанат» үлгісіндегі арнайы мақсаттағы парашюттерден секіретін әскери қызметшілердің арнайы бөлімшелері бар. Тәжірибелі парашютшілер арнайы парашют командаларының құрамынан табылып, әртүрлі жарыстарға қатысады.

Бізде Десанттық-шабуылдау әскерлерінің 5 әйелден тұратын командасы бар. Біз Ми-17 тікұшағынан 2 000 метр биіктіктен, сондай-ақ «Д-1-5У» парашют жүйесімен С-295 әскери-көлік авиациясының ұшағынан 3 000 метр биіктікке дейін секіреміз.

— Сіз өзіңізді экстремалды спортты немесе жылдамдықты жақсы көретін адам деп санайсыз ба?

— Мен өзімді экстремалды әуесқой деп санай алмаймын. Керісінше, жаңашылдықты ұнатамын. Мысалы, тауларда «эндуро» мотоциклімен жүргенді жаным қалайды. Ол



үшін уайымдап, тіпті қорқатын. Бірақ қазір еті үйренген.

— Секірмес бұрын нені білу керек?

— Әр секіруге десантшы теориялық, физикалық және психикалық тұрғыдан дайындалуы керек. Парашют жүйесінің тактикалық және техникалық сипаттамаларын білу өте маңызды. Мысалы, «Қанат» сияқты арнайы мақсаттағы спорттық парашютті пайдалану үшін физикалық күш қажет, өйткені оның салмағы көп. Бізде әйелдер үнемі дайындалу үшін жаттығады. Секіруден қорқу көптеген адамда болады. Бұл қалыпты сезім, бірақ біз тапсырмаға назар аударуға тырысамыз.

Әр спорт түрінің өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар. Бізде жарақат алу қаупі жоғары, бірақ әр секіруге қатты дайындалып жатырмыз. Алдымен біз белгілі бір парашют жүйесінің материалдық бөлігін зерттейміз және әуе-десанттық кешеннің тренажерларында өтетін секіру алдындағы дайындықтан өтеміз. Мұның бәрі жарақаттану ықтималдығын төмендетеді. Айтпақшы, менің бүкіл қызметімде бірде-бір жарақат болған жоқ. Өз тәжірибеме



агрессивті жолсыз жүру стилін және пейзаждарды тамашалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ атқа мінгенді жақсы көремін.

— Парашютпен секіру адамдарды өзгертеді деп ойлайсыз ба?

— Менің ойымша, парашютпен секіру адамдарды жақсы жаққа қарай өзгертеді. Аспанда адам жайлылық аймағынан шығып, өзін және қорқыныш сезімін жеңеді. Парашютпен секіру қиын жағдайларда тез шешім қабылдау қабілетін дамытады, бұл күнделікті өмірде де көмектеседі.

— Әңгімеңізге рақмет!

Оралхан ҚОЖАНОВ, kaz.inform.kz

Суреттер: ҚР қорғаныс министрлігінің айтынан.



ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:
«Тарихи-мәдени мұрамызды ХХІ ғасырға сай жаңғыртып, жүйелі түрде дәріптеуіміз қажет»

Тарихи-мәдени мұраларымызды жаңғырту мен дәріптеуде жүйелі жұмыстар жасалу керек. Бұл туралы Бурабайда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлім етті.

«Көне заманнан келе жатқан көшпенділер дәстүрі елді артқа тартатын емес, болашаққа бастайтын мықты қуат көзі болуға тиіс. Дей тұрғанмен, тарихты аңызға айналдырып, ескі заманның шырмауында қалып қоюға да болмайды. Тарихи-мәдени мұрамызды ХХІ ғасырға сай жаңғыртып, жүйелі түрде дәріптеуіміз қажет. Ғылыми зерттеулер жүргізу, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, археологиялық қазба жұмыстарын жандандыру, музей ісін дамыту, шетел мұрағаттарын зерделеу, салт-дәстүрімізді жаңғырту – осы жұмыстың бәрін жүйелеу керек» - деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақ халқын данышпан деп айтсақ, қателеспейміз.

«Дегенмен дүние жүзінде данышпан халықтар аз емес. Бұл да – ақиқат. Мұндай пікір кейбір адамға ұнамауы мүмкін. Алайда көпшіліктің көңілінен шығамын деп, тура сөзден жаңылуға болмайды. Шын мәнінде әр ел басқа жұрттан даму деңгейіне қарай озбақ. Жалпы біз төл тарихымызға көкжиегі кең, тамыры терең өркениеттік көзқараспен қарауымыз керек. Бұл – өте маңызды. Сонда ғана халқымыздың өткеніне, бүгінгі мен болашағына мүлде жаңа көзқарас пайда болады» - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.


Мемлекет басшысы елімізде отандық тарих ғылымының дамуына ерекше көңіл бөлініп келе жатқанын айтып өтті. Сондай-ақ келесі құрылтайды



Сыр бойында өткізуді ұсынды.

«Соңғы жылдары біз ұлттық бірегейлігіміздің маңызды факторы – тарих ғылымының дамуына ерекше көңіл бөліп жатырмыз. Бүгінгі Құрылтай тағы бір тарихи белеске тұспа-тұс келді. Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толып отыр. Осы ретте Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын» - Президент.

Автор: Алтынбек ҚҰМЫРЗАҚҰЛЫ,
«Қазақстан тарихы» порталы



Алаштың өзін аналары

Тізім

Ахмет Байтұрсынұлының «Анама хат» деген өлеңі – оның анасына деген терең құрметі мен сүйіспеншілігін білдіретін жыр. Өлеңдегі ана образы мейірімді, қамқор жан, рухани тірек, сенім мен үміттің символы, күрескерлік рухты дарытушы өмірлік ұстаз ретінде ерекше сипатталады. Біздің ойымызша, бұл тек Аханның өз анасына ғана емес, өзі арқылы күрес жолына түскен, түрме табалдырығын аттаған, сол бір бітіспес майдан жолында біріккен барша Алаш қайраткерінің әзиз аналарына арнаған жыры деп танымыз.

Нысанға алынған жыр жолдары ананың мейірімін, рухани күшін және балаға беретін тәрбиесін асқақтатады. Бұл өлеңде ана қамқоршы, тілеуқор, рухани күш беруші ретінде көрінеді. Ахметтің өмір жолын ескерсек, оның ұлт үшін күрескерлік рухының қалыптасуына әкесінің ықпалы қандай болса, кейіннен анасының да әсері мол болғанын байқаймыз.

Ақын анасын тек тәрбиеші ғана емес, баласының рухани қорғаны ретінде сипаттайды. Анасының дұғасы баласының амандығы үшін ерекше маңызға ие. Ахмет өмірінің қиын кезеңдерінде анасының тілеуін, оның жанашырлығын есіне алып, сағынышын білдіреді. Мұндай кеп барлық алаш тұлғасының басынан да өтті деп есептейміз.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл өлеңінде ана – мейірімді, қамқор, дұғажай, ақ тілеулі жан ретінде бейнеленеді. Ол анасының қасірет шеккеніне уайымдайды, алыста болғандықтан оны көруге

асығады. Өлеңде сағыныш, анаға деген сүйіспеншілік және ана махаббатының мәңгілік құндылығы ерекше әсерлі сомдалған. Бұл жолдар Ахметтің анасына ғана емес, барша қазақ аналарына арналған сағынышқа толы арнау іспетті дейтініміз сондықтан.

«Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет, өр зорлыққа не бар шараң!» дейді автор.

Өлеңнің осы шумағындағы ана образы баласының ауыр тағдырына алаңдайтын, әділетсіздікке қарсы қайғырып, қолынан ештеңе келмейтін бейбақ ана ретінде сомдалады. Бұл өлең жолдары Алаш қайраткерлерінің қуғын-сүргінге ұшыраған кезіндегі аналардың жанайқайын айқын бейнелейді. Ананың баласына жете алмай, шарасыз күйге түскенін білдіру арқылы ана жүрегіндегі қамығу, баласының көріп отырған азабына жаны ауыруы анық сезіледі. Өзін-өзі «өтірікші» деу – сол замандағы саясаттың

әділетсіздігіне меңзеу, анаға баласын «қылмыскер» етіп көрсетіп, айыптаған биліктің озбырлығын аңғартады. Баласының қамауда екенін нақтылай түсетін «Семейдің түрмесінде отыр балаң» жолы анасының жанын күйзелтсе де айтылуы керек бір шындық. Өзінің кінәсіз екенін айтып, оны әділетсіз айыптаған өкіметке наразылығын білдіреді: «Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ». Ана баласының шын мәнінде ұрлықшы немесе кісі өлтіруші еместігін біледі, бірақ оны қорғай алмайды. Себебі бұл – заманның зұлымдығы, әділетсіздіктің кесірінен бейкүнә жандардың азап шегуін ашып көрсететін жолдар. Осылайша билікке деген ашу-ызасы, заңсыздыққа деген ішкі қарсылығы көрінеді де, ар қарай қайғырып, құр қарап отырудың еш мәні жоғына көзі жете түседі. Ол қайғырып қана қоймайды, әділетсіздікке қарсы сұрақ қояды. Бұл – расында да қазақ даласындағы көп аналардың зары, құқығы тапталған, қуғын-сүргін құрбаны болған ұлдары үшін қайғырып, көз жасын көл еткен барша ананың үні. Тек Ахметтің ғана емес, қуғындалған Алаш қайраткерлерінің барлық аналарының жүрек зарын бейнелейді дейтініміз осы.

Өлең шешімі түйінінде жатыр. Ахмет тағдырдың қаталдығына қарсы ішкі беріктігі, төзімділігі және ұлты үшін күрескен рухы анық байқалады. Өлеңдегі ана образы мен ақынның өз болмысы тағдырдың әділетсіздігіне қарсы төзімділік танытады. Ол ендігі кезекте өзін құрбан сезінбейді, керісінше, тағдырдың қаталдығына қарсы күресуге дайын қайраткер екенін көрсетеді. Бұл сөздері анасын жұбатуға, өз жақтастарына рух беруге, өзі секілді қуғындалған азаматтарға қайсарлық танытуға шақыру ретінде оқылады.

Сол себепті А.Байтұрсынұлының осы өлеңін әдебиеттанушы ғалым, академик Р.Нұрғали: «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» – қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар» деп бағалайды.

Ақын өлеңінен кейін біз тізім түзіп, ол тізімде Алаш қайраткерлерінің аналары жайлы аса құнды мәліметтерді жинақтап бердік. Мұндағы әрбір ана – өз перзентінің ұлт үшін қызмет етуіне ықпал еткен, оларды рухани тұрғыдан қолдап, тәрбиелеген жандар.

Бұл аналар өз балаларын ұлттық сана-сезімге, білімге, әділеттілікке тәрбиеледі, рухани тірек болды. Мысалы, Әлихан Бөкейханның анасы Бегім, Ахметтің анасы Күнші, Мағжанның анасы Гүлсім – бәрі балаларының көзі ашық, ұлтжанды азамат болуына ықпал етті.

Алайда анықтағанымыздай, кейбір алаш қайраткерлерінің аналары өмірден ерте озып, балалары жетімдіктің ауыр азабын тартты. Міржақыптың анасы Дәмеш, Сұлтанмахмұттың анасы Зүппен, Ғазымбектің шешесі Сахибитан өмірден ерте кетіп, ұлдарының азамат болғанын көре алмаған.

Сонымен қатар аналардың көбі балаларын қуғын-сүргін жылдарында жоғалтты, бірақ олардың

есімдері ел жадында қалды. Әрине, көбінің есімдері жоғалып кетті, әлі де зерттеулер қажет екені байқалды. Мәселен, Смағұлдың анасы Мәжікен, Шахзаданың анасы Хұсни-Жамал ұл-қыздарының қиын тағдырына куә болды.

Бұл аналар тек жеке тұлғалардың ғана емес, қазақ қоғамының болашағын тәрбиелеген аналар еді. Шәкәрімнің анасы Төлебике, Жақыптың анасы Айғанша, Қаныштың анасы Әлима – барлығы қазақ әйеліне тән даналықты бойына сіңірген асыл аналар.

Бұл тізім тек есімдер жиынтығы емес, ұлт тарихындағы маңызды тұлғаларды дүниеге әкеліп, тәрбиелеген аналардың аяулы есімдері. Олардың әрқайсысы ұл-қыздарының ұлы істер атқаруына себепкер болған. Демек, Алаш қайраткерлерінің пассионар тұлға болып қалыптасуында олардың аналарының ерен еңбегі мен көрегендігі жатқанын ұмытпау керек.

ТІЗІМ:

Әлихан – Бегім

Шәкәрім – Төлебике

Ахмет – Күнші

Міржақып – Дәмеш

Барлыбек – Күлдәрі

Мұхамеджан Т. – Шаһизадабану (Шәпен)

Хәлел – Әйкен

Жаһанша – Мыжық

Жақып – Айғанша

Айдархан Т. – Алтын

Мұстафа – Бақты

Ахмет Бірімжан – Ханша

Ғазымбек – Сахибитан (Гүлмай)

Райымжан – Данике

Сұлтанмахмұт – Зүппен

Тұрағұл, Мекайыл – Әйгерім

Мағжан – Гүлсім

Біләл С. – Қамқа

Нәзір Т. – Гүлбаһрам

Нығмет – Шидә

Қошке – Жәмила

Асылбек – Хадиша

Смағұл – Мәжікен

Мұхтар – Нұржамал

Қаныш – Әлима

Әлкей – Нұрила

Қайым – Мақыпжамал

Гүлсім – Гүләндам

Шахзада – Хұсни-Жамал

Заңғар КӘРІМХАН,

<https://e-history.kz/>

Farabi *shakirti* 11

Шыңға шыққан жетпіс бес



– Өрлей басып, ғұмыр жасыңыз жүзге жетсін! – деген тілек айта отырып, танымал жазушы, қашан көрсеңіз жақсылықтың жаршысы болып, игі істерді ұйымдастырып, өзі бастап араласып жүретін тұлға, қаншама жастардың журналистика саласында мамандығын таңдағанда адаспай мақсатына жетуіне ағалық қолдау көрсетіп, шығармашылық шабытының шалқуына ұстаз бола білген жан – Нағашыбек Қапалбекұлын – 75 жастың қырқасына шығуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ағаның шәкірті болған, шәкірті болып шапағатын көргісі келетін жас бүгінде көп. Жақсы аға болғаны – қандай шара ұйымдастырса да, жиын-тойға барса да үнемі қасында үйіріліп жастар жүреді. Өріптестері, замандастары өз алдына. Бүгін мен де ағаның шәкіртімін деп мақтанамын. Өзім де журналистикада қырық жылға жуық табан тіреп еңбек етудемін. Соның 25 жылында республикалық екі журналдың бас редакторы ретінде жас оқырмандарымның қолына қалам ұстап, журналист мамандығын армандаған ұл-қыздардың шығармашылық тұсауын кесіп, қолдарына «Жас тілші» куәлігін тапсырып келемін. Алғашқы жас тілшілер қазір есейіп, қаламы қарымды журналист болса, енді бірі жас тілші бола жүріп басқа мамандықты тандап жемісті еңбек етіп келеді.

Жас тілші демекші, мен де Нағашыбек Қапалбекұлы 1980 -1981 жылдары редакторлық еткен Алматы облысы, Жамбыл аудандық «Екпінді еңбек» - «Атамекен» газетінің жас тілшісі болыппын. Шынымды айтсам, жас тілші дегенді естіген шығармын, бірақ дәл қазіргі жас тілшілердей аса мән бере қоймағанымды мойындаймын. Менің журналистикаға басқан қадамым 7 – сыныпта басталды. Мектепте оқып жүргенде қазақ әдебиетінен шығарманы үздік

жазатын оқушылардың бірі болдым. Оған себеп, 5-сыныпты бітірген жылы жазда аудандық балалар кітапханасына келдім. Аудандық Мәдениет үйінде орналасқан кітапханаға кіріп едім, Фарида апай қуана қарсы алып, сөрелердегі қалаған кітапты алуға болатынын айтты. Сөрелерге қарап жүрсем, екі қалың кітапты көрдім. Екеуі неге сонша қалың деген ой келіп, қолымды созсам сөре биік екен жетпедім, Фарида апай оны байқап қалып, өзі де орындық әкеліп қойып алып берді. Қолыма ұстатқан кімнің шығармасы екенін айтқан болуы керек, кітапты апай өзі алып алдына қойып оқырман дерегін толтыра бастады. Оқырман дерегін толтырып жатқанда өзіміздің сыныпқа қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Нұрипа Мырзахметқызы кіріп келгені. Қалың томды бірден байқаған ұстаз: «Сен Абай жолын оқимын дедің бе?» - деп шынайы таң қалды.

Міне, менің шығарманы өте жақсы жазуыма, яғни тіл байлығымның мол болуы – Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романы, одан кейін қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалары. Енді қалай өзім мән бермеген жас тілші болдым? Оқу озаты, белсенді оқушының бірі деп, 7-сыныпта комсомол қатарына өткізді. Комитет мүшесімін. Мектепте ұстаздардың ұйымдастыруымен іс-шаралар көп өткізіледі. Редакцияға мақала беру – менің

комсомолдық тапсырмам болды. Тақырып қоймай, мақаланы шығарма тәрізді етіп жазып, сабақтан шыққан соң редакцияға апарамын. Редакция мен мектептің арасы тиіп тұр. Құлаш-құлаш жазған дүнием шағын ақпарат түрінде жарияланады екен. Мақалам жарияланған газетті кейде ұстаздар, кейде оқушылар әкеліп берді. Кейде комитеттегі газеттен көріп қаламын. Арасында менің атыма қаламақы келеді, алғашқыда түсінбей, тегіме келген түбіртектегі ұстаздарға көрсетіп, біліп алдым. Аудандық газеттен басталған шығармашылық республикалық газеттерден де орын ала бастады. Үйге комитет арқылы аудандық газетті жаздырып алдым.

Мектеп бітірер жылы редакцияда Бақытгүл Күлембековамен таныстым. Ол өзіне мені жақын тартып, білгенімен бөлісті. Журналистикаға барсаң редакцияның кепіл хаты керек, оны редактор береді, ағайға кір деді. Ойлана, имене келе бір күні редакторға кірдім. Редактор – Нағашыбек Қапалбекұлын есік маңдайшасынан оқып алдым. Ойым ұрсып қуып шықса қайтемін болды. Жоқ, есік қағып кіргенімде алдында қопыраған қағаздар, газетке ұқсас беттер жатыр екен. Ағаның жүзі жылы, асықпай сөйлейді екен. Өзінің де қарындастары мектепте оқитынын айтты. Олар менен жоғары, төмен сыныптарда оқитын болып шықты. Нағашыбек аға не үшін келгенімді мен айтпай түсініп қойғанына таң қалдым.

– Кепіл хатты түстен кейін есепші тәтеңнен алып кет, қол қойып қалдырып кетемін. Жолың болсын! – деп оқуға түсіп кетуіме тілектестігін білдірді. ҚазГУ-дің адресін жазып береді деп бір ағайды айтты. Бала емеспін бе, редакциядан ол кісіні іздемедім, бар тіреуім Бақытгүл болып тұр ғой. Ағаның кеңсесінен шыққан соң, өз өзіме сұрақ қойып қоямын. Ағай менің кепіл хат үшін келгенімді қалай біліп қойды? Арасында ертең мектеп бітіру кеші, аттестат аламын да бірден ҚазГУ-ге барамын деп қоямын университетті бес саусағындай білетінге ұқсап. ҚазГУ деген сөзді Бақытгүлден естігенмін алдында, бірақ оны Алматының қай тұсында екенінен бейхабармын.

Сол уақыттан бері аға – ұстаз, мен шәкірті болып шығармашылық байланысымыз үзілмей келеді. Н.Қапалбекұлының осы уақытқа дейінгі өмір жолында шәкірттері, іні-қарындастарындай болған адамдар қаншама?! Солардың қатарынан қалдырған емес. Ағаның тікелей тапсырмасымен Жыр алыбы Жамбылдың туғанына 150 жыл толуына орай «Жамбылды көзі көргендер» деген үлкен тақырыпты зерттедім. Бұл 1996 жылы. Жәкеңді бала кезінде, жас шағында көрген, әңгімесін естіген, батасын алған Жамбыл ауданында тұратын жиырмадан астам адамдардың естеліктері баспасөз беттерінде жарияланды. Аға шәкіртін өзі ұйымдастырған бір шарадан қалдырған емес, үнемі назарында ұстайды.

Нағашыбек қамқор аға, адамгершілігі мол, мейірімді аға ғана емес өз ісінің адал маманы. Белгілі қоғам қайраткері, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. 1950 жылы 16 наурызда Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Қызыләскер ауылында дүниеге келген. 1968-1970 жылдары Кеңес Одағының Қиыр Шығысында әскери борышын өтеп қайтты. Ол – Приморье өлкесіндегі 1969 жылы шекарада Даманск аралы соғысына қатысқан Ұлы Отан соғысының ардагері. Қазақстан Республикасы Даманск оқиғасына қатысушы-ардагерлер кеңесінің төрағасы. Қырық алты кітаптың авторы, көптеген ғылыми еңбектер жазып, бірнеше кітаптар құрастырған.

Нағашыбек Қапалбекұлының шығармашылығы туралы білгіміз келсе, оның сайрап жатқан өмірбаяны арқылы танимыз. Академик Көпжасар НӨРІБАЕВ:

– Нағашыбек Қапалбекұлының шығармаларының тартымды, көркем, қызықты болып келетін сыры оның қайраткерлік қасиетінде жатқан сияқты. Ол – қоғамдық құбылыстарға терең түсінікпен, кейіпкерлеріне үлкен махаббатпен қарайтын автор. Өйткені өзі де осы қоғамның белсенді азаматы, белді қайраткері, – деп ең жоғары бағасын берген.

Нағашыбек Қапалбекұлын мерейтойында, ағаға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеп, қаламыңыздан алдағы уақытта оқығанда жан жадыратар жаңа заман туындылары төгіле берсін дейміз!

Республикалық «Farabi shakirti» мен
www.farabishakirti.kz
сайтының шығармашылық ұжымы мен
шәкіртіңіз Жанстан Кучукова





«Ата Заң – тәуелсіз ел тұғыры»

Қазақстан Республикасының Конституциясы - мемлекеттің тәуелсіздігін айқындайтын негізгі заңды құжат. Ол тек құқықтық негізді қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар мемлекетіміздің әлеуметтік, саяси және экономикалық құрылымын да белгілейді. Қазақстан Республикасы Конституциясы - халқымыздың тарихи жолындағы маңызды кезеңдердің нәтижесі әрі егемендіктің символы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы алғаш рет 1995 жылы 30 тамызда қабылданып, мемлекеттік биліктің негізгі принциптерін анықтады. Бұл заң мемлекеттің демократиялық, құқықтық және әлеуметтік сипаттарын айқындап, халықтың ең жоғары құқығын - мемлекетті басқару құқығын бекітті. Сонымен қатар, Конституция адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, билік бөлінісі, сот әділдігін жүзеге асыру, азаматтардың теңдігі мен ұлтаралық келісімді сақтауды қамтамасыз ететін құқықтық негіз болды.

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында Ақтөбе облысы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы Үбішев Тимур Жұбанышұлының қатысуымен ҚР Конституциясына 30 жыл толуына орай «Ата Заң – тәуелсіз ел тұғыры» танымдық кездесуі өткізілді. Кездесудің мақсаты оқушыларға Қазақстан Республикасының Конституциясы мен оның маңызы туралы түсінік беру, құқықтық білімдерін арттыру, заңға деген құрметті қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу болатын.

Кездесуде Тимур Жұбанышұлы Қазақстанның Конституциясының еліміздің дамуына, азаматтық қоғамның қалыптасуына қосқан үлесі туралы айтып, заңның маңызы мен оның тәуелсіздік жолындағы рөлі туралы кеңінен түсіндірді. Сонымен қатар, ол оқушыларға Конституцияның негізгі қағидаттары мен тармақтарын таныстырып, заңның еліміз үшін маңыздылығын атап өтті. Нұрдана Сабырова, Мадина Сәлімжан, Әсел Қанатбек сынды оқушылар өз ойларымен бөлісіп, Конституцияның маңызы мен заңға деген құрмет туралы пікірлерін ортаға салды. Әсел Қанатбек: «Конституцияның арқасында әр адам өзінің құқықтарын білетін, әділ қоғамда өмір сүре алады. Мұндай шаралар бізге заң мен құқықтық тәртіпті

тереңірек түсінуге көмектеседі», - деген пікір білдірді. Ал Мадина Сәлімжан: «Конституцияның маңызы тек азаматтық құқықтар мен бостандықтарды қорғаумен шектелмейді. Авторлық құқық туралы да заңдар бар, олар шығармашылықпен айналысатын әр адамның еңбегін қорғауды қамтамасыз етеді. Мен бұл заңдарды терең түсінген сайын, өз шығармашылық жұмыстарымды қорғау қаншалықты маңызды екенін сезіндім», - деп атап өтті.

Шара аясында тақырыпқа сай кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда Қазақстан Республикасының Конституциясы, құқықтық білім, заңдар мен құқық қорғау жүйесі туралы әдебиеттер қойылды. Шараға №47 ЖББОМ оқушылары, оқытушылар мен кітапханашылар қатысты.

Ата Заң - Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің ең маңызды іргетасы. Ол мемлекеттің даму бағытын айқындап, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың кепілі болып табылады. Қазақстан халқының бірлігі, еркіндігі мен заң алдындағы теңдігі Конституцияның негізгі қағидаттарымен тығыз байланысты. Сондықтан, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, еліміздің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында Ата Заңның рөлі әрқашан жоғары болмақ.

Гүлжан Ескендірқызы.
С.Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы.



«Қазақ тілі – ғылым мен техника тілі»

Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы, Ұлттық құрылтайдың үшінші жиынында ел тағдыры үшін өзекті мәселелерге тоқтала келе қазақ тіліне деген сұраныстың артып келе жатқанын айтты. Ол өз сөзінде «Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық», — деп қазақ тілінің болашағы бүгінгі шәкірт тәрбиелеп келе жатқан ұстаздардың атқарар міндеті басым екенін атап көрсетті. Балалар мен жасөспірімдер мектептен бастап қай тілде оқытылғанына қарамастан қазақ тілін біліп, қазақ тілінде сөйлеуі қажет.



Мен гимназияның орыс сыныптарына қазақ тілі сабағын оқытамын. Мақсатым, сыныптағы қазақ, басқа ұлт өкілдерінің балаларының ана тілімізге деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқулыққа сүйене отырып, әр оқушының жеке қабілетіне қарай білім беріп, кері байланыс орнатып келемін. Орыс сыныптарындағы оқушылар Ана тілімізде сауатты, көркем сөйлеуі үшін қазақ тілінде жазылған балалар әдебиетін мейлінше көп оқуды тапсырамын. Шетел әдебиетіндегі балалар прозасы мен поэзиясының қазақ тіліндегі аудармасы мен түпнұсқасын салыстыра отырып, сөздердің мағынасын түсінуіне көп көңіл бөлемін. Мәтінді баға алу үшін жаттап, мұғалім үй тапсырмасын сұрағанда айтып шығу барда, әр сөздің мағынасын жандүниесімен ұғып оқу бар. Сондықтан, оқушыларға қазақ тілін барынша жадына түйіп оқуын қадағалаймын.

Сыныбына қарай әр тақырыптан соң, диктант, эссе, шығарма жаздырамын. «Менің Отаным – Қазақстан!», «Туған жерім», «Менің отбасым», «Атам мен әжем», «Бауырларым», жыл мезгілдеріне байланысты, елімізде аталып өтетін айтулы мерекелер туралы ойларын жазады. Лексикалық тапсырмалар орындатамын. Айталық, 1.Берілген сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз 2.Сөздердің антонимін тауып жазу тапсырмасында оқушылар ауызша айтқан сөздерін қатесіз жазуын қадағалаймын. Сөйлемдерді қалпына келтіру, сөздердің антонимдерін табу, жақша ішіндегі сөздерді аудару, сөйлемдерді толықтыру, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қою, тәуелдік жалғауымен тұрған сөздерді көшіріп жазу, басқа да грамматикалық тапсырмалар арқылы оқушы білімін тексеріп отырамын.

Қазақ тілін орыс сыныптарына оқытуда көптеген дайын көрнекілік құралдары арқылы сөздің айтылуы мен жазылуының дұрыстығына көп мән беремін. Себебі, жасыратыны жоқ, бүгін оқушылардың тіл байлығы өте аз, шорқақ сөйлейді. Жазбаша тапсырмалар орындағанда

да сөйлемдерді қысқа қайырады. Сондықтан, оқушыға сұрақ қоя отыра әр оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға барынша көп уақыт бөлуге тырысамын. Орыс сыныбында оқитын шәкірт сауатты, ана тілінің сөйлеу ережелерін бұзбай сөйлеуі үшін жазбаша тапсырмаларды көп орындатамын. Сөзі көркем, анық және таза сөйлейтін адам жазба жұмыстарында грамматикалық қателерге жол бермейді. Сабақ интенсивті технологияларды пайдалана отырып, сұрақтар түзіп, соларға жылдам жауап беру, сұхбаттасу, интерактивті тақтадағы суреттерге жылдам мәтін құру тәсілдері орыс сыныбы оқушысының қазақ тілін тез меңгеруге ықпалы зор.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қазақ тілі бизнес, ғылым мен техниканың тіліне айналуы үшін оқушыларға мектепте сапалы білім берілуі тиіс. Оқушы сыныбына байланысты барлық пәнді оқуға бар ынтасын арнауы қажет. Қай пән болсын бүгінгі шәкірттің болашақ мамандығының бастауы. Әр пәннің мазмұнын түсініп, тақырыбын толық игеру үшін қазақ тілі мен әдебиетін өз дәрежесінде меңгермесе, бекер. Солардың қатарында орыс сыныптарының да қазақ тілін мектеп бағдарламасы аясында тұтас біліп шыққаны орынды. Алдымен, шәкірт қазақша ойлап, қазақша сөйлеп, ойын орыс және басқа шет тілінде еркін жеткізе алатынын тәжірибемен жақсы білемін.

Білуге, үйренуге құштар шәкірт үшін бүгін жол ашық! Оның ынтасын арттырып, қабілетін дамыту, мақсатына жетуіне жетелейтін ұстаз. Мектепте білгенін, көңілге тоқығанын одан әрі ұштайтын отбасы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» – деген халық даналығы да отбасы тәрбиесі хақында айтылған.

НУСУПОВА Раушан Муратхановна,
Алматы қаласы, Алмалы ауданы
«15 гимназия» КММ, қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

Шәкірт денсаулығының кепілі – спорт

ТОҚАЕВ Қасым – Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды»

(Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ел. Берекелі қоғам» атты Жолдауынан.)

Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы қаулысымен «Дені сау- ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасы бекітіліп, жүзеге асырылуда. Ұлттық жобада негізгі төрт бағыт көрсетілген. Төртінші бағыт – салауатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыруға және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған іс-шаралар туралы айтылған. Аталған шараларды тиімді ұйымдастыру мектептің дене шынықтыру пәні мұғаліміне де жүктелген міндет. Оқушылар арасында жарыстар өткізіп, спорт түрлеріне баулу болып табылады. Жарыстарда алдыңғы қатардан көрінген жеңімпаздарымызды гимназия әкімшілігімен бірлесіп ынталандырып, бойын жат әдеттерден барынша аулақ салуына ықпал ету мақсатында спорттың пайдасы туралы тәрбие сағаттары, әңгімелер өткізіп, оқушының сабақтан тыс уақытта спорт секцияларына қатысуының пайдасымен бөлісемін. Мектепшілік жарыстарға атананы қатыстыра отырып, ұл-қызының спортқа бейімділігін көрсетіп, бала денсаулығын сақтауға бірлесіп атсалысып келеміз.

Еліміздің дені сау азаматын бала жастан қалыптастыруға атсалысу - денешынықтыру пәні мұғалімінің де жауапкершілігінде деп білемін. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларды дене шынықтыру пәні сағатын тиімді пайдаланып, оларды шынықтыра білуге ұмтылатын ұстаздар қатарындамын. Мәселе, сабақ кезінде жыл мезгіліне орай шәкірттерді мектеп стадионында, спорт залда жүгіртіп, жаттығу жасау ғана емес, әрбір жаттығудың техникасын үйрету. Спорттық ойындар кезінде балалар мен жасөспірімдер арасында қауіпсіздікті сақтауға назар аудара отырып, оны оқушыға түсіндіру. Ұлдар мен қыздар арасында өзара жарыстар ұйымдастырып, жарыс кезінде мықтыны анықтау бір-біріне күш жұмсау емес, жеңіс жолында түсіністік, бірлік, сыйластық қажеттілігін үнемі

оқушы жадына салып отырамын. Жарыс алға шығу емес, шынығу, түрлі спорттық ойындарды меңгеру және денсаулық кепілі екенін айтып, оларды шымыр етіп тәрбиелеу.

Ежелден халқымыз ұлт саулығына айрықша мән берген. Ұлттық тағамдар мен қымыз – шұбатымен, саумал ішкен. Жаз жайлау көшіп, қыс қыстауда барынша құнарлы тағамдармен тамақтанған. Сахара даланың таза саф ауасымен тыныстап, көкорай шалғынында аунап өскен ұрпақтың жалғасымыз. Үлкендер ұл-қыздарының денсаулығына қатты мән берген. Олар көпшілік арасында өткізген ойын-сауықтан балаларды шетқаққан емес. Оларға да алаң бөліп, ұлттық ойындарда жарыстырып, шындаған. Кең далада түрлі спорттық ойындарға баулыған. Қазақша күрес,

қол күресі, жаяу жарыс, асық, жамбы атып, садақ тарту, тоғызқұмалақ сынды көптеген ұлттық ойындарымыздың ізі жоғалмай күні бүгінге жеткені ата-бабаларымыздың ұлт саулығына көңіл бөліп, игі дәстүрді ғасырларға жалғап бізге мұра етіп жаткізді.

Дене тәрбиесі сабағының басты мақсаты – күш-қуаты мықты, жан-тәні сау, елімізді қорғауға әзір, шығармашылық жұмысқа құштар, жан-жақты дене тәрбиесі дайындығынан өткен адамдарды тәрбиелеу. Бұл ретте мектеп бағдарламаларында қыздар мен ұлдардың дене шынықтыру жаттығуларының жекелеген нормативтері бар, олар сабақта міндетті түрде сақталуы тиіс. Яғни мұғалім сыныпты гендерлік принцип бойынша топтарға бөле алады. Мысалы, сабақ барысында қыздар мен ұлдар топтарына бөлінеді, ал мұғалім әр топқа жеке жаттығулар береді. Мұндай әдістемелік тәсілдерді сараланған әдісті қолдану қажет болғанда басқа пән мұғалімдері де пайдаланады. Сабақта тек жаттығумен шектеліп қалмай, ұлттық ойындар туралы мәлімет беріп, оның мәніне тоқталамын. Ұлттық ойындар спорт қана емес, үлкен тәрбие мектебі.

**БЕКБАЕВА Асем Касымтаевна,
Алматы қаласы, Алмалы ауданы,
«№15 гимназия» денешынықтыру
пәнінің мұғалімі.**





КЕНЖЕГУЛОВА Айгуль
Малгеждаровна,
 Алматы қаласы, №147 гимназия
 математика пәнінің мұғалімі

СҮЙІНБАЙ АҒАҒА

Рухың биік ер Сүйінбай,
 Жыр төгесің құйындай.
 Нөсерлеткен жауынсың,
 Бет қаратпас дауылсын.

Ер Сүйінбай, Сүйінбай,
 Жырды – жырға қосасың.
 Төстен ұрып, бетке алып,
 Бір - ақ сөзбен осасың.

Ер десе, ер едің,
 Ерге бергісіз дер едім.
 Аламан шапқан тұлпардай,
 Сен бір жырдың көгі едің!

Өмірің өлеңмен гүлденген,
 Өзіндей ерді көрмеген.
 Талай жылдар өтсе де,
 Өзіндей жан өмірге келмеген.

Ұшқыр ойдың бұлағы,
 Асыл сөздің тұрағы.
 Өлең-жырдың пірі едің,
 Өнердің жарық шырағы.

ӘЙЕЛ КЕЛБЕТІ

Әйелдің мінезі жібек,
 Үй толған бала-шаға, демек
 Айналасына төгеді сәуле,
 Ағайынды жиып өзі де әуре.

Әйел жаны - қырық шырақ,
 Шырақпен жарық мекені.
 Әйелдер көптік етпейді,
 Әйелмен жанұя - шамшырақ.

Әйел - отбасы тұтқасы,
 Береке, бірлік жұптасы.
 Әйел - бақыт, әйел – нұр,
 Аналарға бас иіп жүр!

ІЗГІ ТІЛЕК
 (Өріптегісін Мадиева Гулсім
 Хабиевнаға)

Дүние есігін ашқан,
 Көңілі шуақ шашқан.

АҚҚАҒАЗҒА ӨРІЛГЕН ЖЫР ТАМШЫЛАРЫ

Пейілі кең, жомарт жан,
 Құтты болсын туған күн!

Ұлы бар алтын сақа асықтай,
 Тәрбиелі, өнегелі, үлгілі.
 Қыздары қырдың қызыл гүліндей.
 Алақанда әлпештеген ай-күні.

Сізге тілейін бақыт,
 Еш уайымсыз уақыт.
 Өркез жадырап жаныңыз,
 Жүзге жетсін жасыңыз!

М Е К К Е

Все общее хваление тебе,
 Ты красив, ты гениален.
 Твоя архитектура и строение,
 Есть неимоверная красота.

Мекке ты суров,
 Скрывая милосердие.
 Ты тайна великая,
 Магнитом тянешь себе.

Мекке Мир тебе,
 Покой навеки.
 Прихожанам доброты,
 И милосердие окружающим.
29.07.23 год. Мекке

ТИМУР

Аңылдаған көңілі ақ,
 Жас баладай қуанады.
 Қайырымдылық амалдары,
 Қолы ашық жомарт-ақ.

Тимурымыз көш бастаған,
 Құптарлық істері көп.
 Дереву шешім қабылдайды,
 Қолға алып оны орындап.

Ортаға ой салады,
 Игі іс бастап.
 Ұсынысты тыңдайды,
 Білімділікпен қоштап.

Жаналықтың жаршысы,
 Көп ортасында танылған.
 Қалжыңы да орынды,
 Жұбымен жақсы жарасқан.

Светлоликая Аида,
 Ты прекрасна, ты мила.
 Озаряя улыбкой,
 Вселяешь всем добра.

Веселая, шутки в меру
 Всем уделяешь внимание.
 Одиннадцать наших,
 Как семья единая!

Құрметті Айгүл апайға!

Таразыдай тең ұстайсыз әділдікті,
 Өр сөзіңіз ақиқатты айқындап.
 Сөйлетіп сандар сырын ұқтырғанда,
 Түсініп келем өмірдегі заңдылықты.

Бастау болды бәрі де натурал саннан,
 Қосып, алып, көбейтіп жаттығам сан.
 Ал сіз болсаңыз, сабырмен үйретуден,
 Жалықпаған шын жанашыр жандардан.

Оң мен теріс, бөлшектер – алғашқы қадам,
 Кәтелесем, дұрыстап бағыттаған.
 Рационал, иррационал – шексіздікке,
 Жол ашқан білім нәрін тамшылатқан.

Координат, функция, графиктерім,
 Сізбен бірге шешілді барлық түйін.
 Синус, косинус заңдарын жаттап алып,
 Таптым білімнің шыңға тартар биігін.

Үшбұрыштар, теоремалар, пифагорлар,
 Өрбір шама өмірде жаралған заң.
 Прогрессия, модуль, түбір,
 Бәрі – сіздің еңбегіңіздің арқауы таң.

Векторлар мен массалар, теңдеулерім,
 Жеткізді өз заңымен белге мені.
 Шексіздікке жол тартқан лимиттерім,
 Болашаққа апарар белдеме ебі.

Сіз берген бағалы білімді алып,
 Шәкіртіңіз ұстазымен мақтанады.
 Бойыңызда қаталдық бар болса да,
 Жүрегіңіз мейіріммен шаттанады.

Алғысым шексіз сізге, Айгүл апай,
 Ұстазы бар шәкірттің тәлімі таудай!
 Ұзақ ғұмыр, денсаулық тілеп сізге
 Шәкіртіңіз боламын беделге ие!

ЕРКІН Аруна,
 Алматы қаласы №147 гимназияның
 10 сынып оқушысы.





Family and friends. My family

(Отбасы және достар. Менің отбасым)

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!..

Ақын Қадыр Мырза Әлидің осынау өлең жолдары әрбір жасқа ой салып, Ана тілімен қатар шетел тілін оқу мен оқытудың маңызы мен білімді адамның алар асуы биік екенін айтып тұрғандай. Мемлекетіміздің мектептерінде қазақ тілін оқытуға айрықша назар аударылуда. Қазақ тілі-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақстан Республикасы – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қабылдаған бірден-бір мемлекет. [1] Әлемде 95 тіл мемлекеттік тіл болып табылады. Ал 56 мемлекет ағылшын тілін мемлекеттік тіл ретінде таныған. Соның ішінде біздің еліміз мектептерінде ағылшын тілін оқытылады. Ағылшын тілі - халықаралық тіл (де-факто - лингва франка). Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай және испан тілінен кейінгі халық саны бойынша ана тілі ретінде ең көп пайдаланылатын тіл. Ағылшын тілі - БҰҰ-ның алты тілінің бірі болып саналады.

Сондықтан, еліміздегі әрбір бүлдіршін мектептің бастауыш сыныбынан бастап ағылшын тілін үйренуі қажет. Мен бастауыштың 3 - сыныбына ағылшын тілінен сабақ беремін. Әлем халықтары сөйлеген тілді балаларға үйретудің оңай тәсілі арқылы қызықтыра отырып, сабақ өтеміз. Ағылшын тілін үйрену мен сөйлеудің де ерекшеліктері бар. Бүгінде технологиялардың дамыған кезінде ағылшын тілін үйрететін офлайн, онлайн курстар көп. Тіл үйрету орталықтары қаланы айтпағанда, ауылдық жерлерде де ашылып, тілге қызыққан жасөспірімдермен сабақ өткізуде. Соған қарап көпшілік тілді тез үйреніп алады деп ойлайды.

Гимназияның 3 – сыныбында «Family and friends» оқулығын пайдаланамын. Оқулық отбасы мен оның құндылықтарына арналған. Отбасы – шағын мемлекет. Family and friends. My family (Отбасы және достар. Менің отбасым) тақырыбын алайық. Отбасында ата-ананың алатын орны ерекше. Бүкіл тәрбие бастауы отбасында

өрбиді. Құрмет, сыйластық, мейірім мен қайырымдылық, бауырмалдылық, Отансүйгіштік, еңбекқорлық қасиеттері қалыптасады. Міне, осы үрдістерді шәкірттерге ағылшын тілінде айта білуге үйретемін. Алдымен қазақ тілінде айтып, оның ағылшын тілінде аудармасын айтады. Басты назарды сөйлеу техникасына аударамын. Әрі ағылшын тілінде дұрыс айтылуын қадағалаймын. Әр оқушыда отбасы, достары туралы еркін сөйлеудің негізі қаланады.

My free time. I can do. (Менің бос уақытым. Мен жасай аламын). Оқушы сабақтан тыс уақытта немен айналысады. Үй тапсырмасын қалай орындайды. Достарымен қалай араласады. Осы сұрақтарға жауап бере отырып, атқарған жұмыстарын арнайы суреттер арқылы көрсетеді. «Мен жасай аламын» - деген тақырыпта оқушы ата-анасына қолғабыс етеді. Дүкенге барады. Арасында әлеуметтік желілердегі құрбыларымен араласады. Адам баласы үшін ең маңыздысы – денсаулық. Денсаулықты бала жастан күтуі керек. Сыныптағы оқушылар денсаулығын қалай күтеді деген сұраққа жауап береді. Оны «Health. Parts of the body (Денсаулық. Дене мүшелері)» – деген тақырыпта өрбітеміз.

Ағылшын тіліне әр 3 – сыныптағы әр оқушының қызығушылығын арттыру үшін үнемі әңгімелесемін. Оқушылар алдымен сөздерді көрнекілік құралы арқылы айтады. Кейіннен сөзден қысқа сөйлем құрып үйренеді. Одан кейін бір-біріне сұрақ қойып, жауап беріп сұхбаттасады. Үйде немен айналысты. Қандай үйірмеге қатысады. Әке мен ана туралы қысқа-қысқа сөйлемдермен айтып береді. Қала балалары болғандықтан, отбасымен, достарымен бірге барып демалатын орындарында өткізеді. Достық, отбасылық бірлік, татулық туралы да қысқа сөйлеммен айта алатын деңгейге жетті.

ҚАРСЫБЕК Гүлжан Темирланқызы,
Алматы қаласы, Алмалы ауданы

«№15 гимназияның» ағылшын тілі пәні мұғалімі
[1] Мәлімет ашық дереккөздерінен алынды.

Мұғалімнің міндеті – болашақ тұлға қалыптастыру

Бүгінгі өмірімізде креативті индустрия дамып, оның өнімдерін интернет арқылы адамдар миллиондаған есе пайдаланып отырған шақта, алдымызда білім беріп келе жатқан ұрпағымызды туған тіліміз - Ана тілімізден қайтсек алшақтатып алмаймыз деген сұрақ туындайды. Мемлекетімізде балаларға арналған оқу бағдарламалары, телеарналар арқылы берілетін хабарлар, жарнама агенттіктері толық қазақ тіліне көшіп келеді. Қазақ тілінде сөйлеу, сөйлесу үрдісі белең алғаны қуанатын және қолдайтын жайт. Алайда, бүгінгі оқушыны айтпағанда ата-аналар, бесіктегі балаға дейін смартфон арқылы әлеуметтік желіге байланып отыр. Отбасы тәрбиесі мен қамқорлығы, мектепте мұғалімдердің берген үй тапсырмаларының орнын әлеуметтік желі дүниелері басып озбас үшін мұғалім оқушысына ұлттық тәрбие тағлымын оқу бағдарламасымен үзегіліестіре отырып, оқытуы керек.

Осы тұста ұстаздан талап етілетіні оқушы белсенділігін арттыру. Белсенді оқушы ұстаз түсіндірген жаңа сабақты тыңдай отырып, кері байланыс орната алады. Белсенді оқушыны қалай танимыз? Сыныптағы оқушылардың барлығының ынтасы бірдей ме деген сұрақ туындайтыны рас. Оқушы белсенділігін тану үшін – әр баланың қызығушылығын арттыруға тиіспіз. Балалардың қызығушылығын ояту үшін тақырыпты меңгеруі қажет. Пән мұғалімі ретінде орыс тілі сабағын тест түрінде өткізу баланың өткен сабақтарды қалай меңгергенін, сонымен бірге білім деңгейін көрсетеді. Айталық, бір ғана сұраққа тоқталайын.

Интернациональные слова - это:

- А) слова, которые пришли из других языков
- В) слова, которые употребляются в какой-либо профессии
- С) специальные слова, называющие понятия науки, техники, искусства
- Д) слова, общие для многих языков и относящиеся к области науки, культуры, техники и политики.
- Е) новые слова, обозначающие новые явления, предметы или понятия.

Жауабы: Д).

Гимназия оқушыларына орыс тілі мен әдебиеті сабағын оқыта отырып, лауазымдық міндеттерді басшылыққа аламын. Онда оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес және «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасының негізінде оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады. Оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді түрлерін, әдістері мен құралдарын қолданады. Лауазымдық міндеттерді орындай отырып, оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияларды



енгізу оқушы мен ұстаз арасындағы байланысты жандандырып, сабақтың қарқынын арттыру да оқушыны тез баурап алатын әдіс. Оқушылардың өзіндік және жеке жұмыс көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Орыс тілі мен әдебиетін оқыта отырып, оның қазіргі ерекшеліктеріне бас назар аударамын. Шәкіртке заман талабына лайық білім беру үшін үнемі ізденіп, шеберлігімді шыңдау мақсатында әлемдік озық тәжірибелерді, әдістерден үйреніп, сабақ барысына пайдаланамын. Пәнді оқытуда оқушының есте сақтау қабілетін дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру – маңызды міндеттің бірі. Бұл ретте оқушылардың оқу

сауаттылығын арттыруға көп көңіл бөлемін. Яғни, оқушы өткен тақырыпты толық қабылдап, мазмұнын, оқиға желісін, айтылып отырған ойды түсініп, айтып беру. Сабақ кезінде, үй тапсырмасын орындағанда, тақырыпты түсініп, айтып беру. Оқушылардың сөйлеу мен жазу сауаттылығын арттыруда шығарма мен эссені көп жаздырамын. Орыс классиктерінің шығармаларынан үзінді оқытып, өлеңдерін жаттатқызамын. Жаттап оқу шығу емес, әр өлеңнің мазмұны мен оқиғасын түсініп оқып, айтып бере алатын дәрежеге білім деңгейін жеткізуге тырысамын.

Сыныптағы әр оқушының арманы болады. Жеке басында туындаған мәселелер болады. Кейбір білім алушылардың мінез құлқында өзгешеліктер байқалады. Осындайда оқушы ойын сейілтуді пайдаланамын. Айталық, одан үй тапсырмасын сұрай отыра, тақырыпты қалай меңгергенін анықтау үшін орыс тілінде қосымша сұрақтар қоямын. «Үй тапсырмасын қалай орындадың? Тапсырманы орындау кезінде бір қиындықтар болды ма? Сұрақтарға жауапты өзің бере алдың ба? Ағаңнан, әпкеңнен көмек сұрадың ба? Ата-анаң көмектесті ме? Тапсырманың түсінбеген тұсын достарыңнан сұрадың ба? Оқулықты, интернетті пайдаландың ба?» «Саған кімнің жауабы ұнады?» - деген сұрақтарға оқушы нақты жауап береді.

Ежелден халқымыз «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл», - жастарға ұлағат айтқан. Оқушы орыс, ағылшын, басқа шет тілінде де сөйлесе де алдымен оның жүрегі ұлттық тәрбие тағлымына көмкеріліп, ана тілі – қазақ тілінде сөйлеп, қазақша ойлайтын білім алушыға білім беріп, тәрбиелеуіміз қажет. Қазақ тілін – ғылым мен техниканың, бизнес тіліне айналдыратын болашақ тұлға – біздің бүгінгі шәкірттеріміз.

ТАНИРБЕРГЕНОВА Зулфия Ергазиевна,
Алматы қаласы «№15 Гимназия»
орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



Бала Абайдан - Дана Абайға!

Педагогикалық сынып-«Мен мұғаліммін» деген баланың тұлғалық тұжырымдамасын болжауға және өзін-өзі жобалауға мүмкіндік беретін арнайы жоба. Бұл жоба арқылы жеке тұлға ретінде қалыптасып қана қоймай, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетіне де дайындалуға болатын бірегей бағдарлама.

Абай мектебінде бұл жобаның іске асып жатқанына да 2 жыл толып қалды. Осы жыл аралығында ертегілер жинағы да жарық көрді. Көптеген кездесулер де өткізілді. Сол кездесулердің ең үздігі мектеп-интернатымыздың 13 жыл директоры болған Мұхтар Ботабайұлы және түлеп ұшқан түлек, PhD доктор Ертай Сұлтанұлы еді. Оқушыларымыз әсем күймен қарсы алып, тағылымға толы кештің куәгері болды. Аталы сөзді ардақтай білетін шәкірттер қонақтармен сүбелі сұқбат құрып, мәнді сұрақтар қойып, жауабын да алып үлгерді. Ең әсерлісі Ертай Сұлтанұлының «Сіз үшін Абай деген не?»; «Абай сізге не білдіреді?» деген сұраққа осылай жауап беруі:

Мен үшін 3 Абай бар. Олар:

1. Абай атындағы мектеп-интернат
2. АҚШ-тағы Абай орталығы
3. Абай университеті

Менің ойымша, бұл қысқа сөздің де түсінгенге мол мағынасы бар. Мұндай көпқырлы көзқарас Абайдың бүгінгі күндегі өзектілігін, оның идеяларының заман талабына сай жаңғыртылуын және болашақ ұрпаққа әсерін көрсетеді. Бұл іс-шараның арқасында Абай РММИ оқушылары кәсіби өсу жолындағы маңызды қадамдарды жүзеге асыруға шабыт алып, болашақ ұстаздарды жан-жақты даярлауға бағытталған заманауи білім беру моделімен танысты.

Қорыта айтсам, Дана Абай бола білген мектеп түлектері бізге бағыт беретін бағдаршам іспетті. Ал сол алпауыт көпірдің арасында үйлесім орнату – біздің парызымыз!

Жаңа өмірге жолдама

Жаңа оқу жылынан бастап “Әлем әдебиеті” атты үйірме мектебімізге жол ашты. Назипа Аюбаева бізге тек шет тілді кітаптарымен таныстырып қана қоймай, сергіту сәті мен көңілді сабақтар ұйымдастырады.

Соның ішінен өзіме ұнайтын сабақтың бірі-қалдықтармен жұмыс. Бір күн бұрын бізге бөлмемізден керек емес, қолданбайтын заттар әкелуімізді сұрады. Біз бос бөтелкелер, пакеттер және қорапшаларды алып бардық.



Бізді “ART and Creativity” клубы қарсы алды. “ART and Creativity” клубы – шығармашылық пен өнердің үйлескен мекені. Мұнда әркім өз ішкі әлемін еркін білдіріп, жаңа идеялар мен шабытқа толы сәттерді бастан кешіреді. Клубтың мақсаты – қатысушыларға шығармашылық әлеуеттерін ашып, бірегей тұлға болуға көмектесу. Кітапханаға кіре салысымен, айрықша сезім пайда болып, алдағы жұмысқа ынтамыз арта түсті.

Клуб мүшелері ART объектілерінің маңызын, қыр сырын түсіндіріп, одан әрі шығармашылықты бастап кеттік. Қалдықтарды қайта өңдеу арқылы табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды, ластану деңгейін азайтуды және қоршаған ортаны қорғауды бізге үлгі қылған клубқа алғысымыз шексіз!

Қалдықтарға жаңа өмір сыйлаулан бөлек оқыған шығармамыздағы оқиғаларды, кейіпкерлерді бейнелеп, креативті әрі сыни ойлауды қалыптастырдық!

ҒАНИҚЫЗЫ Дәрия,
Алматы қаласы, Абай
РММИ-дің 10-сынып
оқушысы



«ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ»

*«Ғасырлардан ғасырға хат жеткенде,
Адамзаттың ақылы зат жеткенде...»*

Мұқағали Мақатаев

Цифрлық трансформацияның қоғамға әсері әлі де толық зерттеліп, дамып келе жатқан процесс болып табылады. Технологиялар барлық салаға еніп, адамның өмірін өзгерту ғана емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтарды да туындатып отыр. Бұл процесс тек жұмыс немесе білім беру жүйелерімен шектелмей, күнделікті өмірдің барлық аспектілерін қамтиды. Сонымен қатар, ол адам психологиясына, мәдениетіне, әлеуметтік құрылымдарға және тіпті саясатқа да әсер етеді.

Біріншіден, интернеттің пайдасы өте көп. Ақпарат іздеу бұрынғыдай қиын емес. Кітапханаға барып, ұзақ уақыт кітап ақтарудың орнына, бірнеше секунд ішінде Google немесе басқа іздеу жүйелері арқылы кез келген сұраққа жауап табуға болады. Бұл әсіресе оқушылар мен студенттер үшін үлкен мүмкіндік. Өртүрлі онлайн курстар мен бейнесабақтар білім алуды жеңілдетіп, оқуға деген қызығушылықты арттырады. Әсіресе шалғай аймақтарда тұратын адамдар үшін онлайн білім алу өте тиімді. Олар қалаға бармай-ақ, сапалы білім ала алады. Бірақ, онлайн оқудың да қиындықтары бар. Кейбір оқушылар интернетке қосылу мәселесіне тап болады, ал басқалары өз бетінше оқуға дағдыланбағандықтан, білім сапасы төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар, ұзақ уақыт экранға қарау денсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін.

Екіншіден, интернеттегі ақпараттың барлығы бірдей сенімді емес. Кейбір сайттар жалған ақпарат таратады, ал кейбір адамдар интернет арқылы алаяқтық жасайды. Кибершабуылдар, деректердің ұрлануы сияқты мәселелер де бар. Сондықтан интернетті қауіпсіз пайдалану үшін адамдар цифрлық сауаттылықтарын арттыруы қажет. Жеке мәліметтерді бөтен адамдармен бөліспеу, күмәнді сілтемелерге өтпеу, белгісіз адамдармен сөйлескенде сақ болу өте маңызды.

Технологиялар медицина саласында да үлкен рөл атқарады. Қазір көптеген ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік беретін құрылғылар бар. Дәрігерлер науқастармен онлайн кеңес өткізіп, қажетті ақпарат бере алады. Бұл әсіресе алыс ауылдарда тұратын адамдар үшін өте тиімді. Жасанды интеллект медицинада да кеңінен қолданылады. Ол диагноз қоюды жеңілдетіп, науқастарға тиімді ем таңдауға көмектеседі. Бірақ медициналық деректердің құпиялылығын сақтау маңызды. Егер бұл ақпарат қате қолға түссе, адамдарға



зиян келуі мүмкін.

Цифрлық технологиялардың қоршаған ортаға да әсері бар. Бір қарағанда, интернет пен электрондық құрылғылар қағаз тұтынуды азайтады деп ойлауымыз мүмкін. Бірақ технология өндірісі табиғатқа үлкен жүктеме түсіреді. Компьютер, телефон, планшет сияқты құрылғыларды жасау үшін көп энергия мен табиғи ресурстар жұмсалады. Сонымен қатар, электроника қалдықтары экологияға кері әсер етеді. Сондықтан ескі құрылғыларды қайта өңдеу маңызды.

Жалпы, цифрлық технологиялар өмірімізді айтарлықтай жеңілдетті. Біз ақпаратқа тез қол жеткіземіз, қашықтан жұмыс істей аламыз, жаңа мүмкіндіктерге ие болдық. Бірақ бұл өзгерістермен бірге жаңа қиындықтар да пайда болды. Әлеуметтік желілерге тәуелділік, интернеттегі қауіпсіздік мәселелері, денсаулыққа әсері, жұмыс орындарының қысқаруы сияқты мәселелерді шешу қажет.

Сондықтан технологияларды дұрыс пайдалану өте маңызды. Оларды тек ойын-сауық үшін емес, білім алу, даму, жаңа мүмкіндіктерге жету үшін қолдану керек. Әр адам өз уақыты мен ресурстарын тиімді пайдаланып, технологиялардың оң және теріс жақтарын түсіне білуі қажет. Егер біз саналы түрде цифрлық әлемге бейімделетін болсақ, оның пайдасын барынша көре аламыз.

АЙДЫНҚЫЗЫ Алина, 9 «Е» сынып оқушысы.

Жетекшісі: СИСЕКЕШЕВА А.М.

№42 «Ақ ниет» гимназиясының

тарих және құқық пәндерінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы.

Қазақстандағы жастар саясаты

Еліміздің дамуы үшін жастар саясаты маңызды. Статистика мәліметтері бойынша, 14 пен 29 жас аралығындағы жастар Қазақстан халқының шамамен 25 пайызын құрайды. Бұл дегеніміз, елдің болашағы жастарға байланысты: оның инновациялық әлеуеті, әлеуметтік тұрақтылық деңгейі, мәдени дамуы мен еңбек ресурстары. Осыны ескере отырып, Қазақстанның жастар саясаты жастардың өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға, олардың бастамаларын қолдауға, сондай-ақ олардың әлеуметтік қорғалуы мен жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге бағытталады.

Елімізде жастарды қолдауға арналған бірнеше стратегиялық бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Оның ішінде ерекше атап өтуге болатындары: 1. “Жастар практикасы” – жаңа оқу орнын бітірген жас мамандардың тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беретін бағдарлама. Бұл бастама жас мамандарға тұрақты жұмыс табуға ықпал етеді. 2. “Дипломмен – ауылға” – ауылдық жерлерде жұмыс істеуге дайын жас мамандарды қолдау. Бағдарлама аясында жас мамандарға көтерме ақы, тұрғын үй сатып алу үшін жеңілдетілген несие және басқа да әлеуметтік қолдаулар көрсетіледі. 3. “Еңбек” бағдарламасы – жастарды кәсіпкерлікке үйрету, жұмысқа орналастыру және өзін-өзі жұмыспен қамтуға көмектесу. Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жастарға арналған бағдарламалардың әрқайсысы олардың дамуына, кәсіби және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама жаңадан оқу орнын бітірген, бірақ тәжірибесі жоқ жас мамандарды қолдауға бағытталған.

Ауылдық өңірлерде білім беру, денсаулық сақтау және басқа салалардың дамуына ықпал етеді. Баспана мәселесі және “Отбасы банк” арқылы қолдау. Жастардың баспана мәселесін шешу – басты міндеттердің бірі. Қазақстанда жастардың баспана мәселесін шешу – елдің әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі. Жастардың өз баспанасына ие болуы олардың өмір сапасын жақсартып, отбасын құруға, кәсіби және жеке дамуына ықпал етеді.

Мемлекет білім беру жүйесін үздіксіз жетілдіріп, жастардың ел ішінде және шетелде оқып, дамуына жағдай жасап отыр. Елімізде білім беру жүйесі заманауи талаптарға сай дамып келеді. Елдегі


университеттер жаңа технологияларды қолдану, цифрландыру және академиялық мобильділік бағытында үлкен жетістіктерге жетуде. Сондықтан жоғарғы білімнің арқасында мемлекеттік білім беру гранттары арқылы жастар тегін білім алу мүмкіндігіне ие, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен ауыл жастарына арнайы гранттар қарастырылған. Осылайша жақсы білім алып, шетелде оқуға мүмкіндіктері аса зор деп айтуға болады. Сол себептен “Болашақ” халықаралық стипендиясы қарастырылған.

Бағдарлама аясында 13 мыңнан астам қазақстандық шетелде білім алып, елге оралған соң әртүрлі салаларда қызмет етуде. “Болашақ” түлектері білім, медицина, инженерия және IT салаларында жоғары білікті мамандар ретінде танымал. Қазақстан жастарына әлемдік деңгейдегі білім беру мақсатында Еуропа және Азия елдерімен әріптестік қарқынды түрде дамып келеді.

Қорытындылай келсек, елімізде жастарға арналған мүмкіндіктер мен бағдарламалар көп. Қазақстандағы жастар саясаты – елдің тұрақты дамуы мен болашағын қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Үкіметтің жастарға бағытталған қолдау шаралары олардың өмір сүру сапасын жақсартып қана қоймай, білім алу, кәсіби дамуға және қоғам өміріне белсене араласуына жағдай жасайды. Бұл саясат жастардың әлеуетін толықтай жүзеге асыруға, шығармашылық және инновациялық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жастарға арналған бағдарламалар, әсіресе, “Жастар практикасы”, “Дипломмен – ауылға”, “Болашақ” халықаралық стипендиясы, “Отбасы банк” арқылы тұрғын үй беру және басқа бастамалар олардың өмірлік мақсатына қол жеткізуіне ықпал етеді. Еліміздің жарқын болашағы – білімді, мақсатты және жігерлі жастардың қолында.

Еліміздің басты байлығы – жастар, сондықтан олардың дамуына жағдай жасау – ел болашағына салынған ең құнды инвестиция.

**ТЕМІРХАН Арайлым, Орал қаласындағы
№42 «Ақ ниет» гимназиясының
9 «Е» сынып оқушысы.
Батыс Қазақстан облысы.**





"ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ҚАНДАЙ МҮМКІНДІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАМЫЗ?"

Жасанды интеллект жүйелері – арнайы логикалық жүйелер арқылы компьютерлік бағдарламада жүзеге асырылған адам интеллектің жеке аспектісін ұдайы өндіретін техникалық жүйелер. Жасанды интеллект жүйелерінің қолдану салалары:

- роботтехника
- сараптамалық жүйелер;
- есептерді әмбебап шешушіні жасау;
- бір тілден екінші тілге аудару, мәтінді рефераттау;
- пайдаланушыны компьютермен ыңғайлы диалогын қамтамасыз ететін интеллектуалды интерфейсты жасау.

1956 жылдың жазында Джон Маккарти есімді америкалық бағдарламашы АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен ғылыми конференцияда бұл терминді алғаш рет қолданған. Ол компьютерлік бағдарламалаудағы ең алғашқы тілдердің бірі Лисптің негізін салған. Жасанды интеллектінің дамуына қосқан үлесі үшін Маккарти зейнет жасында Тюринг премиясының лауреаты атанады. [2]

Жасанды интеллект - адамзатқа ашылған жаңа мүмкіндіктердің бірі деп ойлаймын. Себебі, ол қазіргі заманда адам өмірін түбегейлі өзгертті десем қателеспеймін. Ол арқылы бізге жаңа мүмкіндіктер есігі ашылуда. Қазіргі таңда көптеген бағдарламалар жасанды интеллект арқылы жұмыс істейді. Мысалы, бизнес саласында да ЖИ-дің маңызы өте зор. Кәсіпкерлер тұтынушылардың сұранысын алдын ала болжау, қаржылық операцияларды автоматтандыру және маркетингтік стратегияларды жетілдіру үшін жасанды интеллектті пайдаланады. Бұл компаниялардың тиімділігін арттырып, уақыт пен ресурстарды үнемдеуге көмектеседі. Сондай-ақ жасанды интеллект білім беру жүйесін де өзгертті мысалы, адамдар қандай материалдар сұраса оны тез арада тауып жазып береді.

Жасанды интеллекттің адамзатқа тигізер пайдасы

көп екендігін түсіндім,және де білім беру саласында тағы да өзгерістер енгізілді олар білім беру саласында үлкен өзгерістер енгізді. Интерактивті оқу платформалары мен интеллектуалды репетиторлар оқушылар мен студенттерге жеке оқу жоспарларын ұсынып,олардың білім деңгейіне сәйкес бейімдеді. Жасанды интеллект-адам өмірін жеңілдететін ерекше технология. Ол білім, медицина, Бизнес және күнделікті өмірде бізге көмектеседі. Айталық, мен үшін жасанды интеллекттің туғызар көмегі керек ақпаратты тез тауып, тез қимылдайды және керек видео,фотоны монтаждап өз көмегін тигізеді бұл күнделікті оқушыларға өте тиімді құрылғы десем қателеспеймін.

Дегенмен оны дұрыс пайдалану маңызды. Болашақта ЖИ адамзатқа одан да көп мүмкіндіктер сыйлайтынына сенімдімін. ЖИ-дің негізі артықшылықтары адамдардың жұмысын жеңілдетеді, уақыт үнемдейді, қателіктерді азайтады, үлкен көлемдегі деректерді жылдам өңдейді және т.б. ЖИ-дің адам өміріне туғызатын әсері адамзат үшін үлкен мүмкіндік әрі үлкен жауапкершілік алып келеді және болашақтағы өмір саласын арттырудың негізгі жолдарының бірі деп ойлаймын.

Қазіргі заманда жасанды интеллект адамның ойына кіріп шықпайтындай ой салады және әр салада да қабілеті бар екенің көрсетті.

СҮНДЕТҚАЛИ Инабат, 10 «А» сынып оқушысы.

Жетекшісі: СИСЕКЕШЕВА А.М.

№42 «Ақ ниет» гимназиясының

тарих және құқық пәндерінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы.

«Уикипедия» ашық энциклопедиясы;

Informburo.kz;

Cyber: <https://qazaqtimes.com>



ТҮСІМДЕ КӨРДІМ, АБАЙ ЖОЛЫН

Есімі әсер етті ме әлде өзі ме, әйтеуір осы мектепке келгелі менің армандар тізімім толыға бастады. Соның бірі: Абайды өнімде көрмесем де, түсімде көрсем, үн қатпаса да жүзіне үнілсем деген үміт.

Бірде ақын Шәміл Тимурланұлы ұлы тұлғаның түсіне кіргені туралы өлең шумақтарын жазып еді. Біршама уақыт, қайта-қайта сол өлеңді оқып, тағат таппай тамсанумен болдым. Бір ғана “әттеген-ай” бар. Ол - өлеңде сипатталған түстің өтірік екендігі. Яғни, ақын қиялына ерік берген екен. Бұл шындықты өзім де кейіннен білдім. Соған қарамастан арада біраз уақыт өтіп, ол арманым тіпті есімнен шығып кетіпті...

Өткенде Елсияр Бижанұлының “Алыпқа” атты толғанысын көзім шалып қалды. Тұнып тұрған философия. Сол сәтте бойыма орын тапқызбай ойландырған, орындалмаған қай бір арманым есіме қайта оралды. Дей тұрғанмен, шығыстан шыққан күн батысқа батып, мектептегі қарбалас күндер жалғаса берді.

«Ділмар» клубының мерейтойына дайындықтардың қызу өтіп жүрген кезі. Күнде тың һәм жаңа ойларды да санама түйіп жүрмін. Қаңтардың 31 күні мәжіліс залынан кеш шыққан бойы, асханаға бармай, жолдан жатақханаға бірден кірдім де, күні бойы тыныштықта тұрған төсегіме жатып қалдым. Бөлмедегі қыздардың дауысын құлағым шалып жатқасын ояумын деп ойлады. Сөйтсем қатты ұйқыға бой беріппін.

Түс... Салқын жел ескен тау етегінде серуен құрып жүрмін. Қасымда жақын құрбымның бары анық, бірақ нақты кім екені беймәлім. Күніміздің осылай басталғанына шын ниетпен қуаныштымыз. Терең бойлай аққан судың дыбысы аса естіле қоймайды. Алдымыздан бір үлкен жақсылық күтіп тұрғанын сезіп тұрмыз. Кенет, тау жаңғырығын естідік. Таудың арғы бетінен бізге біреу үн қатты. Кім екенін, не айтқанын біле алмай далмыз. Содан, не керек, тау асып, арғы бетке өтуді ойладық. Қанша көргіміз келсе де көрінбейтін бұлыңғыр бейне алдымызда тұмшалап тұр. Сонда сол бұлыңғыр бейненің артынан ере бердік. Қайда барарымыз, басымызды қай жаққа жетіп соғарымыз белгісіз.

Белгілісі - осы жолмен жүрсек адаспайтынымыз. Алдымыздағы таудай тұлғаның дуалы аузынан елін, жерін ойлаған хақ ер айтатын сөздерді естіп келеміз. “Адасқан көштің атының басын бұруға жараған”, “Бірінді қазақ, бірін

дос, көрмесен істің бәрі бос” деген сынды тармақтар. Біраз уақыттан соң шу үдей түсті. Жан-жағымызға зер салсақ, тек біз емес, барша халық осы адамның артынан еріп келеді екен. Біз өзіміз үшін емес, халық үшін қатты қуандық. Себебі, көптің адаспай, нағыз үлгі тұтар жанның артынан ергенін іштей сездік. Ең қызығы, халық ол кісінің түрін көрмегенмен, дауысына еріп, жүре берді. Бұл ешкімге беймәлім, бәлкі шегі жоқ сапар. Бірде әр адамның жолы әр тармаққа бөлінді. Әркім өзіне керек жолаққа түсті де, сапарын жалғастырды. Біз ғылым мен білім жолының аялдамасына келіп тоқтаппыз. Жан-жағымызға қарап, таңырқап тұрмыз. Ұзақ тоқтағанымыз болмас деп, керек жарағымызды алдық та, келешек үшін қызмет етуге жолға аттандық. Ал, таудың арғы жағында біздің балалық шағымыз, ессіз естеліктер, ешкімді ұғына қоймайтын, ешкімге жақпайтын кереғар ойларымыз қалды. Біз кеткен соң, қалған жолаушылардың ішінде алып тұлға сызған жолақтан шығып кеткендер, тіпті, кері қайтқандар да кездесіп жатты. Сөйтсем, ол - әркімнің өз таңдауы бар деген әңгіме екен ғой...

Сол жолда келе жатып, аяғым бірдеңеге шалынды. Құладым деп ойлағаным мұң екен, ұйқымнан оянып кеттім. Жан жағыма қарасам қап-қара бөлме, қыздар мүлгіген тыныштықта ұйықтап жатыр. Менің де қыздарға қосылып ұйықтағым, жаңағы түсті жалғастырғым келді. Себебі, ол жол қай жаққа апарады? Неге ол жолды таңдадық? Неге басқалары ол жолдан шығып кетті? Сұрақтарға жауап іздедім. Осындай ойлардың жетегінде жаттым. Ал, түсімде көрген көсем, Абай екендігі айдан анық еді. Оны да топшылап үлгердім. Ендігі уайымым, халық сол жолдан айнымаса екен, Абайды түсінуге тырысса екен, тым болмағанда Абайдай болуға ұмтылса екен деп тіледім.

Келесі күні көзімді тырналап, жылы көрпемді төсекке әрең қиып тастап кеттім...

Гүлшат ДОСКЕНҚЫЗЫ,
Абай атындағы РММИ 9-сынып оқушысы,
«Ділмар» үйірмесінің мүшесі.
Суретте: «Ділмар» үйірмесіне қатысушылар –
жетекшісі Жарқын Сәленұлы



В Государственном музее искусств имени Абылхана Кастеева состоялась выставка, посвященная 120-летию Урала Тансыкбаева

В Государственном музее искусств имени Абылхана Кастеева состоялось торжественное открытие выставки, посвященной 120-летию выдающегося представителя изобразительного искусства Узбекистана, известного художника Урала Тансыкбаева.

Выставка организована Фондом развития культуры и искусства Республики Узбекистан при поддержке Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

В экспозиции представлено 74 произведения, демонстрирующих самобытный стиль мастера, его творческое наследие и вклад в развитие национальной живописи.

На церемонии открытия присутствовали министр культуры и информации Республики Казахстан Аида Балаева, помощник Президента Республики Узбекистан Саида Мирзиева, аким города Алматы Ерболат Досаев, а также казахстанские и узбекские писатели, деятели культуры и искусства.

В своем выступлении Аида Балаева отметила, что Урал Тансыкбаев - это художник, который сумел через своё искусство связать народы двух стран, укрепив многовековую дружбу и взаимопонимание.

«Проницательность и искренность, с которыми выдающийся художник передает уникальные черты родной земли Узбекистана, будь то живописные просторы гор, долин или рек, не могут оставить равнодушным ни одного ценителя искусства. Символично, что Урал Тансыкбаев родился в один год с Абылханом Кастеевым. Оба художника стояли у истоков формирования национальных художественных школ своих стран, оказав значительное влияние на последующие поколения мастеров. Их творчество стало глубоким посвящением родной земле, народу и природе - всему тому, что они чувствовали, любили и осознали, создавая художественные образы



своей эпохи», - подчеркнула министр.

Она также отметила, что Казахстан и Узбекистан продолжают активное сотрудничество в культурной сфере. В последние годы успешно реализуются Дни культуры, Дни кино, проходят гастроли театров, организуются художественные выставки.

В свою очередь, Саида Мирзиева выразила благодарность за организацию выставки и подчеркнула значимость культурного диалога и взаимодействия между Казахстаном и Узбекистаном.

Выставка, посвященная 120-летию Урала Тансыкбаева, продлится до июня текущего года.

Гастроли Национального балета Узбекистана и выставка Урала Тансыкбаева также пройдут в Астане.

Пресс-служба Министерства
 культуры и информации РК



Размышления о том, каким должен быть современный учитель

Кто такой современный учитель? Каким он должен быть? Какими же психолого-педагогическими компетенциями должен обладать современный учитель? Какие качества ему необходимы?

Важно помнить, что в современном обществе требования к учителю высокие. Профессия учителя одна из наиболее важных и сложных профессий. Она требует не только хорошего образования, знаний, умений и навыков, но и особых личностных данных, любви к детям, к своей профессии.

Первой и, на мой взгляд, ключевой компетенцией хорошего, современного учителя является умение работать в команде.

Также важно обладать умением быть вместе с кем-то: с учеником, с родителями или со своими коллегами, с администрацией школы, чтобы, совместно взаимодействуя, решать насущные проблемы образования и воспитания детей. То есть коммуникация — это вторая важная компетенция, которой должен обладать учитель. Коммуникация тесно связана с таким понятием, как рефлексия, так как коммуникация по отношению к себе — это и есть рефлексия.

Рефлексия — это настойчивая потребность, чтобы анализировать свою собственную профессиональную деятельность, анализировать учебный и воспитательный процесс. Вот такой рефлексирующий учитель, исследователь, который видит проблему в рутине своей деятельности, видит ее, описывает, анализирует, делает выводы, ищет пути решения. Это тоже очень важная характеристика современного учителя.

То есть современный учитель — это, прежде всего, человек, который работает в сообществе. Во-вторых, это человек, который умеет коммуницировать. В третьих, это человек, который подвержен постоянной рефлексии своей профессиональной деятельности, при этом непрерывно повышающий свою квалификацию. А также это человек, который готов исследовать, готов находить интересные, креативные и необычные варианты решения тех или иных педагогических проблем.

Не менее важные качества, которыми должен обладать учитель — это, конечно же, доброта и отзывчивость. Ведь они помогают создавать доверительную атмосферу, где каждый ученик будет чувствовать себя защищенным, нужным и важным. Эти качества позволяют учителю вовремя заметить ту или иную проблему ребенка и помогут вовремя оказать ему поддержку.

Умение понимать эмоции и чувства учащихся — одно из важнейших качеств. Эмпатия помогает учителю находить

индивидуальный подход к каждому ребенку, учитывая его настроение, характер и особенности. Конечно же, учитель должен быть объективным и справедливым, он должен одинаково относиться ко всем детям, не выделяя так называемых “любимчиков”.

Порою работа с детьми и родителями может быть эмоционально напряженной, в любой сложной ситуации учитель должен сохранять спокойствие, не поддаваться эмоциям и быстро принимать своевременные решения, поэтому стрессоустойчивость — это тоже неотъемлемое качество современного учителя.

Коммуникабельность — это жизненно необходимое качество, она помогает выстраивать конструктивные взаимоотношения с детьми, с их родителями, коллегами и помогает эффективно взаимодействовать при решении возникающих вопросов.

Адаптивность — это быть способным адаптироваться ко всяким изменениям в образовательной среде и к потребностям учащихся.

Немаловажно быть оптимистом и обладать чувством юмора. Умение видеть позитивные стороны в любой ситуации создают атмосферу радости и доверия. Это способствует созданию благоприятного психоэмоционального климата и помогает учителю вдохновлять учеников, а ученикам справляться с трудностями.

Конечно же, учитель должен обладать высоким уровнем компетенции в области предметных знаний, чтобы грамотно передавать учебную информацию ученикам. Современный учитель — это человек, знающий психологические, возрастные и индивидуальные особенности детей, а также теоретико-методологические основы общей, возрастной и специальной педагогики и психологии, концепций, технологий и особенностей организации инклюзивного образования, знающий причины возникающих психолого-педагогических проблем, барьеров и рисков. Одним словом, учитель, хороший современный учитель — это виртуоз, ему просто необходимо достичь во всем высшей степени мастерства, а самое главное быть и оставаться Человеком.

**КАЛИЕВА Марал Нурмукашевна,
психолог, КГУ «Гимназия №15», г.Алматы.**



ТОКАЕВ Касым-Жомарт, Президент Республики Казахстан

– Неподалеку отсюда находится место, где был расположен некогда знаменитый город Сарайшык. Из истории известно, что он был важнейшим административным и торговым центром Улуса Джучи и Казахского ханства. Сарайшык, через который пролегал Великий шелковый путь, в свое время играл большую геостратегическую роль, содействуя интенсивному экономическому, политическому, культурному взаимодействию Востока и Запада. Из этого места наши знаменитые ханы правили Великой степью, некоторые из них нашли тут вечный покой. По мнению историков, именно здесь похоронен Касым хан, превративший Казахское ханство в мощное государство. Одним словом, Сарайшык занимает особое место в нашей многовековой истории».

(Из выступления Главы государства на третьей сессии Национального курултая)

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

История — бесценное сокровище, охватывающее прошлое и настоящее народа, его национальные ценности, язык и душу, традиции. Чем глубже мы в него погружаемся, тем больше обнаруживаем, что это неисчерпаемый клад.

Современное образование требует от учителей гибкости, креативности и умения использовать новейшие технологии для повышения эффективности учебного процесса. История Казахстана — это не просто изучение дат и событий, а глубокий анализ прошлого, позволяющий понять настоящее и прогнозировать будущее. Однако традиционные методы преподавания не всегда способны заинтересовать учеников, особенно в эпоху цифровых технологий. Сегодняшние школьники растут в информационном обществе, где доминируют цифровые технологии, мультимедийный контент и интерактивные формы обучения.

Использование современных образовательных технологий помогает сделать изучение истории Казахстана более доступным, увлекательным и эффективным.

Применение цифровых инструментов и интерактивных методик в преподавании истории Казахстана способствует: 1.развитию критического мышления у учащихся; 2.формированию исследовательских навыков; 3.повышению мотивации к изучению предмета; 4.внедрению индивидуального подхода к обучению. На уроках истории Нового Казахстана, я использую новые технологии, например, использование мультимедийных ресурсов Google Earth — позволяет создавать 3D-модели исторических мест, исследовать древние маршруты и территории Казахстана. Chronas.org — интерактивная карта, на которой можно отслеживать изменения границ и политических образований на территории Казахстана в разные исторические периоды. National Geographic MapMaker — сервис, позволяющий создавать персонализированные исторические карты.

Учебные материалы, подготовленные на основе современных новых технологий, очень удобны для запоминания и припоминания учащимися исторических дат, событий и их значимости. Учащиеся могут отвечать на вопросы по нашей истории с помощью специальной программы, используя интерактивную доску во время урока. История — сформированная в древние времена и передаваемая от отца к сыну, является гарантом будущего. Эти ресурсы необходимы ученикам для углубления знаний нашей истории и сохранения прошлого и настоящего нашей истории в своей памяти. В частности на уроках использую такие полезные источники, как YouTube-канал «Арман Сүлейменов» — содержит краткие и доступные объяснения по истории Казахстана. Документальные фильмы: «Қазақ хандығы» — об истории Казахского ханства. «Золотая Орда» — рассказывает о формировании государства и его влиянии на регион. «Тәуелсіздік жолында» — о пути Казахстана к независимости.

Популярная цифровая платформа BilimLand для знакомства школьников с историей нашего народа оказывает большую

помощь в расширении образовательного кругозора. BilimLand — это казахстанская образовательная платформа, которая содержит интерактивные уроки по истории Казахстана, тестовые задания и видеоуроки. Возможности BilimLand:

*Интерактивные уроки с иллюстрациями и анимацией.
*Видеоуроки с объяснением ключевых тем.
*Автоматизированное тестирование знаний.

Пример использования: Тема: «Казахское ханство». *Учитель демонстрирует видеолекцию по теме. *Ученики выполняют интерактивное задание (например, определяют правителей ханства и их вклад в историю). *Завершают тему тестированием на платформе. *Coursera и Khan Academy — мировые онлайн-платформы.

Khan Academy:

*Бесплатные видеоуроки и тесты по истории. *Простое и доступное объяснение сложных тем. Пример использования: Тема: «История Казахстана в контексте всемирной истории».

*Учитель предлагает учащимся пройти видеоуроки по истории средневековой Евразии. *Учащиеся анализируют материалы и готовят сравнительную таблицу.

Платформы дистанционного обучения: Platonus и Moodle.

Platonus и Moodle — это системы управления обучением, которые широко используются в вузах и школах Казахстана.

Создание мультимедийного контента. Использование мультимедийных инструментов позволяет учащимся выражать свои знания и креативность через инфографику, видеоролики, подкасты и интерактивные презентации. Полезные инструменты: *Canva, Piktochart — для создания инфографики. *iMovie, Adobe Premiere Rush — для монтажа видеороликов. *Audacity, Anchor — для записи подкастов.


Пример задания: Создать видеоролик о вкладе Казахстана в победу во Второй мировой войне.

• Разработать инфографику о Великом Шелковом пути и его влиянии на Казахстан.

Выше я назвала важности ряда новых технологий в образовании, которые помогут нашим ученикам изучать, понимать и уважать нашу собственную историю. Мы используем эти платформы на наших ежедневных уроках для развития способностей и интереса учащихся к истории с помощью новых технологий. Я горжусь тем, что являюсь учителем, который посвящает все свои силы воспитанию и образованию молодого поколения нашей страны — в духе подлинного патриотизма, которые уважают свой родной язык, свободно и культурно говорят на нем, чтобы каждый ученик мог узнать историю своего родного народа.

**ИСАЕВА Асия Султанқызы,
учитель истории**

**КГУ «Енбекская средняя школа с Орнекской начальной
школой» Енбекшиказахского района, Алматинской области**



ПАРЕНЬ ИЗ КАЗАХСТАНА РАЗРАБОТАЛ ПЕРВЫЙ ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ ЧИП

Казахстан сделал важный шаг в сфере микроэлектроники — первый отечественный микропроцессор RX5 прошел стадию тестирования после производства. Автор разработки – Нурсултан Кабылкас, инженер и исследователь, работающий над проектированием чипов в Казахстане.

Год назад команда договорилась о сотрудничестве с Beijing Open Source Chip Institute. С их помощью RX5 был отправлен на фабрику в Китай, а после возвращения прошел ключевой этап - «бринг ап», первый запуск и проверку работоспособности.

Хотя пока речь не идет о конкуренции с мировыми гигантами, этот шаг открывает новые перспективы:

- формирование собственной школы микроэлектроники
- разработка инновационных архитектур
- возможность в будущем производить чипы внутри страны.

Источник: Instagram
<https://the-tech.kz/>

Актюбинские школьники изобрели «Робота-лаборанта»

— Девятиклассников средней школы №3 города Шалкар Актюбинской области. Арсен Сисенбай и Айдарбек Мирас разработали уникальный проект «робота-лаборанта», – передает «farabishakirti.kz» со ссылкой на прессслужбу Министерства просвещения РК.

Юные изобретатели создали устройство с использованием языка программирования C++ и микроконтроллера Arduino. Для управления роботом через смартфон они применили платформу RemoteXY, а схемы разработали с помощью Tinkercad.

Робот-лаборант помогает в учебном процессе: он определяет необходимые инструменты, подсказывает, какие детали требуются для занятий по робототехнике, и напоминает о правилах безопасности. Это устройство



облегчает проведение лабораторных и практических работ на уроках физики и информатики, делая обучение более наглядным и эффективным.

— Одноклассники стали больше интересоваться робототехникой и программированием. В какой-то степени наш робот облегчает учителям организацию лабораторных работ, а у ребят усиливает самостоятельность и интерес к инженерным профессиям, – рассказывают школьники.

Молодые изобретатели планируют усовершенствовать проект и в будущем внести вклад в автоматизацию образовательного процесса.

Teaching Grammar in School: Present Perfect



Abstract

Teaching grammar effectively remains a crucial aspect of language education. One of the most challenging yet essential tenses for students to grasp is the Present Perfect. This article explores the significance of teaching the Present Perfect tense in school, discusses common challenges faced by learners, and presents effective methodologies for instruction. The study also highlights the role of contextual learning, communicative approaches, and technology in enhancing students' understanding of this grammatical structure.

Introduction

Grammar instruction plays a pivotal role in language acquisition, providing students with the necessary tools to construct meaningful and grammatically correct sentences. Among the various tenses, the Present Perfect tense holds particular importance due to its frequent use in both spoken and written English. However, many students struggle to understand its correct usage, particularly in distinguishing it from the Past Simple. This article aims to examine effective strategies for teaching the Present Perfect tense in schools, addressing common difficulties and proposing innovative teaching methods.

The Present Perfect tense is used to describe actions that occurred at an unspecified time in the past, actions that have relevance to the present moment, and experiences or changes over time. Its proper usage requires an understanding of auxiliary verbs, past participles, and specific time expressions such as "already," "yet," and "just."

Common challenges students face when learning this tense include:

1. Confusion between Present Perfect and Past Simple.
2. Misuse of past participles.
3. Difficulty in recognizing the appropriate context for usage.

To address these issues, educators can employ various teaching methods:

- Contextual Learning: Providing real-life scenarios where the Present Perfect is commonly used.
- Communicative Approach: Encouraging students to engage in conversations using the tense naturally.
- Visual and Interactive Tools: Utilizing digital applications, videos, and games to reinforce understanding.
- Comparative Analysis: Contrasting Present Perfect with Past Simple through structured exercises and examples.

Methodology

This study employs a combination of qualitative and quantitative approaches to assess the effectiveness of different teaching strategies. Classroom observations, student surveys, and performance assessments are used to evaluate comprehension levels before and after implementing specific instructional techniques. Additionally, feedback from teachers provides insights into the practical application of these methods.

Conclusion

Teaching the Present Perfect tense effectively requires a combination of traditional and modern methodologies. By incorporating contextual learning, interactive tools, and communicative exercises, educators can enhance students' understanding and application of this essential grammatical structure. A well-structured approach to teaching grammar ensures that students not only learn the rules but also develop the confidence to use them in real-life communication, ultimately leading to greater language proficiency.



DUYSENOVA Akbota
Erbolatovna,
Almaty city, English teacher,
"Gymnasium 15"



Nauryz Holiday Celebration

Nauryz, also known as Nowruz or Navruz, is an ancient festival marking the arrival of spring and the beginning of the new year in many cultures across Central Asia, the Middle East, and beyond. The term "Nauryz" translates to "new day," symbolizing renewal, rebirth, and the rejuvenation of nature. [Almaty Expeditions+1](#) [Sayat Travel+1](#)


How is Nauryz Celebrated?

Nauryz is celebrated with a variety of customs and traditions that emphasize community, gratitude, and the welcoming of new beginnings:

- **Culinary Traditions:** A central aspect of Nauryz celebrations is the preparation and sharing of traditional dishes. One of the most significant is Nauryz kozhe, a hearty soup made from seven ingredients—typically meat, water, flour, grains, salt, milk, and fermented dairy products—symbolizing the seven virtues of life such as joy, success, intelligence, health, wealth, agility, and security. [SKYWAY | Түрәһтәтбә](#)

- ***Cultural Performances:** Festivities often include musical performances, traditional dances, and theatrical presentations that reflect the rich cultural heritage of the region.

- ***Community Activities:** Communities come together to clean public spaces, plant





trees, and engage in charitable acts, embodying the themes of renewal and communal harmony. National Tourist Portal about Kazakhstan

*Sports and Games: Traditional sports and games, such as horse racing and wrestling, are organized, fostering community spirit and entertainment.


Where is Nauryz Celebrated Globally?

Nauryz is celebrated in numerous countries, each adding its unique cultural nuances to the festivities:

- **Kazakhstan:** Nauryz is a major public holiday celebrated over several days, with large-scale events, concerts, and public gatherings. In 2025, Kazakhstan is hosting over 1,500 events nationwide during the Nauryznama Decade from March 14 to 23. The Astana Times+1The Astana Times+1
- **Kyrgyzstan:** Celebrations include traditional games, music, and communal meals, emphasizing renewal and community bonds. aveholidays.com+2WeProject+2Sayat Travel+2
- **Uzbekistan, Turkmenistan, Tajikistan, and Azerbaijan:** Nauryz is observed with public holidays, cultural events, and various traditional activities.
- **Iran:** Known as Nowruz, it is one of the most significant holidays, marking the Persian New Year with elaborate ceremonies and rituals.
- **Turkey:** Celebrated as Nevruz, it symbolizes the arrival of spring and is marked with various cultural festivities.
- **Mongolia:** Particularly among the Kazakh communities, Nauryz is celebrated with traditional customs and gatherings.

While specific statistics on participation rates in each city or country are limited, Nauryz remains a widely celebrated festival, bringing together millions of people across diverse regions to honor shared cultural values and the arrival of spring.

The information was prepared by the editorial staff of Farabi shakirti magazine.



КЕЛІҢІЗ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Республикалық Farabi shákirti – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқырманға тарайтын, мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-аналарға арналған танымдық журнал.

Журналдың цифрлық форматына жазылу жалғасуда.

6 ай - қала және ауыл/село бойынша –3187.20 тг; 12 ай – 6374,40 тг.

Занды тұлға үшін: 6 ай- 3541.68 тг. 12 ай- 7083.36 тг. Жазылу индексі: 76081

Тел: 8 (701) 730-93-12, Алматы

*Мәлімет «Қазпочта» АҚ-ның ресми каталогынан алынды.

